

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы өнімдері, азық-түлік, зығыр талшығы, былғары шикізаты, мақта талшығы мен жүн бойынша сұранысы мен ұсынысының болжамды баланстарын есептеу әдіснамасы туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 6 қыркүйектегі № 15 ұсынымы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 5, 18 және 95-баптарына, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 3 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің жеңіл өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2015 – 2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 12-тармағына сәйкес және:

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) жеңіл өнеркәсібі үшін ауыл шаруашылығы өнімдері, азық-түлік және шикізат нарықтарында сұраныс пен ұсынысты болжаудың бірыңғай тәсілдемелерін әзірлеу;

мүше мемлекеттер экономикаларының аграрлық секторының жай- күйін бағалау және басымдықтарын айқындау;

мүше мемлекеттердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жеңіл өнеркәсібін дамыту және экспорттық әлеуетін арттыру саласында мемлекеттік саясат шараларын әзірлеу және іске асыру мақсатында мүше мемлекеттерге осы Ұсыным Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық-телекоммуникациялық "Интернет" желісіндегі ресми сайтында жарияланған күннен бастап мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы өнімдері, азық-түлік, зығыр талшығы, былғары шикізаты, мақта талшығы мен жүн бойынша сұранысы мен ұсынысының жиынтық болжамды баланстарын кейіннен есептеу кезінде ескерілетін мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы өнімдері, азық-түлік, зығыр талшығы, былғары шикізаты, мақта талшығы мен жүн бойынша сұранысы мен ұсынысының болжамды баланстарын есептеу кезінде:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы өнімдері, азық-түлік, зығыр талшығы, былғары шикізаты, мақта талшығы мен жүн бойынша сұранысы мен ұсынысының болжамды баланстарын есептеу әдіснамасын басшылыққа алуды,

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Кеден одағына мүше мемлекеттердің және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің ауыл шаруашылығы өнімдерінің, шикізаттың және азық-түліктің жекелеген түрлері бойынша сұранысы мен ұсынысының болжамдары туралы" 2014 жылғы 29 қаңтардағы № 1 ұсынымын және

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Кеден одағына мүше мемлекеттердің және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түліктің жекелеген түрлері бойынша сұранысы мен ұсынысының бірлескен болжамдарын есептеу әдіснамасы туралы" 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 22 ұсынымын қолданбауды ұсынады.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 6 қыркүйектегі
№ 15 ұсынымына
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы өнімдері, азық-түлік, зығыр талшығы, былғары шикізаты, мақта талшығы мен жүн бойынша сұранысы мен ұсынысының болжамды баланстарын есептеу

ӘДІСНАМАСЫ

I. Жалпы ережелер

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы өнімдері, азық-түлік, зығыр талшығы, былғары шикізаты, мақта талшығы мен жүн бойынша сұранысы мен ұсынысының болжамды баланстары (бұдан әрі – сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстары) мынадай тауар топтары бойынша есептеледі:

астық;
ет және ет өнімдері;
сиыр еті;
шошқа еті;
қой еті;
құс еті;
сүт және сүт өнімдері;
қант;
өсімдік майы;
картоп пен оны қайта өңдеу өнімдері;
жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері;
бау-бақша дақылдары және оларды қайта өңдеу өнімдері;
жеміс-жидектер, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдері;
зығыр талшығы;
былғары шикізаты және оны қайта өңдеу өнімдері;
мақта талшығы және оны қайта өңдеу өнімдері;
жүн және оны қайта өңдеу өнімдері.

Сұраныс пен ұсынысты болжау баланстық тәсілді қолдану жолымен жүзеге асырылады, оған жеңіл өнеркәсіп үшін (зығыр талшығы, былғары шикізаты, мақта талшығы, жүн) ауыл шаруашылығы өнімдерінің азық-түлік пен шикізаттың негізгі түрлері және оларды пайдалану бағыттары бойынша баланстық болжамды көрсеткіштер жүйесі кіреді, бұл ретте ресурстық бөлік (ресурстар) жыл соңында бөлу бөліктері (ресурстарды пайдалану) мен запастар жиынына теңеседі.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстарын және қосымша ақпаратты № 1 қосымшаға сәйкес нысанға сай ағымдағы жылғы 20 қарашаға дейін есептейді және Еуразиялық экономикалық комиссияға жібереді.

Сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансы мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	------------	----------------	--------------	--------------

1. Жыл басындағы
запастар

2. Өндіріс

3. Әкелу – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерден:

...

сыртқы сауда (импорт)

4. Ресурстардың
жиыны

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

6. Өкету – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерге:

...

сыртқы сауда (экспорт)

7. Пайдалану жиыны

8. Жыл соңындағы запастар

Сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстары табиғи өлшем бірліктерінде (мың тонна, жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдері үшін – млн. дана, былғары шикізаты үшін – мың дана) есептеледі.

Сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстарының нысандары есепті жылдың, ағымдағы жылдың және болжамды күнтізбелік 2 (ағымдағы жылдан кейінгі) жылдың деректерін қамтиды.

Ірілендірілген тауар топтары бойынша есепті жылдың деректері "Әкелу" және "Әкету" көрсеткіштерін (3 және 6-позициялар) қоспағанда, мүше мемлекеттердің мемлекеттік статистика органдары (қызметтері) бекітетін әдіснамаға сәйкес есептеледі.

Жекелеген ет түрлері (сиыр еті, шошқа еті, қой еті, құс еті) бойынша талдап-тексеру кезінде мүше мемлекеттердің мемлекеттік статистикалық байқау нәтижелері бойынша алынған деректер, кедендік статистика деректері, сондай-ақ басқа көздерден алынған деректер және сарапшылық бағалау пайдаланылады. Мүше мемлекеттердің өзара және сыртқы сауда көлемдері Еуразиялық экономикалық комиссияға мүше мемлекеттерден белгіленген тәртіппен келіп түсетін статистика деректеріне сәйкес қалыптастырылады.

Сұраныс пен ұсыныстың ағымдағы және болжамды жылдарға арналған болжамды баланстары есепті және сараптамалық әдістерді қолдану жолымен есептеледі. Мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының көрсеткіштерін, мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарын және дүниежүзілік агрозық-түлік нарығын дамыту болжамдарын сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстарын есептеу негізі ретінде пайдалану ұсынылады.

Болжау кезінде мынадай есептік әдістер пайдаланылады:

факторлық талдау;

бірқатар деректерді экстраполяциялау;

регрессиялық талдау;

экономикалық-математикалық модельдеу.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және ауыл шаруашылығында өндірістік тұтыну жекелеген факторлар бойынша болжанады (егістік алаңдар және ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығы, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы және олардың өнімділігі және т.б.).

Болжау мақсатында өткен жылдардағы көрсеткіштер динамикасындағы тенденцияларды анықтауды және осы тенденцияларды болжамды кезеңге көшіруді көздейтін экстраполяциялау әдістерін № 2 қосымшаға сәйкес пайдалануға жол беріледі.

Мүше мемлекеттер халқының тамақ өнімдерін тұтыну көрсеткіштері мүше мемлекеттер халқының тамақ өнімдерін жан басына шаққандағы тұтынудың мүше мемлекеттер халқының нақты қолда бар ақшалай кірістеріне тәуелділігін айқындайтын әдістер мен модельдер пайдаланыла отырып № 3 қосымшаға сәйкес болжанады.

"Әкелу" және "Әкету" көрсеткіштері (3 және 6 позициялар) № 4 қосымшаға сәйкес тиісті коэффициенттер бойынша есептеледі.

Есептеу әдістерімен алынған көрсеткіштердің болжамды мәндері көрсеткіштер динамикасында қалыптасқан тенденцияға әсер етуі мүмкін негізгі факторлар ескеріле отырып, сараптамалық әдістердің көмегімен түзетіледі.

II. Астыққа сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансы

Астыққа сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансында астықты қайта өңдеу өнімдерінсіз оларды пайдалану бағыттары мен түсім көздері бойынша болжамды ресурстар көрсетіледі (Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) 1001 – 1008 кодтары).

Ірілендірілген тауар топтары бойынша есептік жыл үшін деректер "Әкелу" және "Әкету" көрсеткіштерін (3 және 6 позициялар) қоспағанда, мүше мемлекеттердің мемлекеттік статистика органдары (қызметтері) бекітетін әдіснамаға сәйкес есептеледі. Бұл көрсеткіштер № 4 қосымшаға сәйкес тиісті коэффициенттер бойынша есептеледі.

Астыққа сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	------------	----------------	--------------	--------------

1. Жыл басындағы
запастар

1-позицияда дайындаушы кәсіпорындарда, астық қабылдау және басқа да ұйымдарда (ауыл шаруашылығы ұйымдарында, шаруа (фермер) шаруашылықтарында және халық шаруашылықтарында) ауыл шаруашылығы өндірушілерінің астық запастары бойынша деректер қамтылады.

Астық запастары бойынша деректер жыл басында 8-позициядан (тиісті алдыңғы жыл үшін бағаннан) көшіріледі.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	------------	----------------	--------------	--------------

2. Өндіріс

Астық өндіру көлеміне (2-позиция) барлық санаттағы шаруашылықтарда:

ауыл шаруашылығы ұйымдарында;

шаруа (фермер) қожалықтарында;

халық шаруашылықтарында дәнді және дәнді-бұршақ дақылдарының жалпы түсімі (астыққа арналған жүгеріні қоса алғанда) қосылады.

Астықтың жалпы түсімі жете өңделгеннен кейінгі салмағында есепке алынады.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға арналған дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың жалпы түсімінің көрсеткіштері ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен және мүше мемлекеттердің өсімдік шаруашылығын дамытудың салалық бағдарламаларымен өзара байланысты мүше мемлекеттердің ведомстволық болжамдарына (бұдан әрі – ведомстволық болжамдар) сәйкес айқындалады. Ведомстволық болжамдарда мыналар:

күздік дәнді, жаздық дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар бойынша бөлек көрсеткіштер қамтылуы;

егістік алаңдар туралы (егістік алаңдар құрамынан көк шөп пен сүрлемге арналған дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар алқаптары алып тасталады), дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың шығымдылығы (дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар шығымдылығы егістік алаңның гектарына есептегенде жете өңдеуден кейінгі астықтың салмағында қаралады) және жалпы түсімі туралы болжамды деректер қамтылуы;

дәнді және дәнді-бұршақ дақылдарының болжамды жалпы түсімі (Π_3) мына формула бойынша айқындауы мүмкін:

$$\Pi_3 = R_3^{03} \times Y_3^{03} + R_3^{яр} \times Y_3^{яр},$$

мұнда:

R_3^{03} – күздік дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың жоспарланатын егістік алаңы ;

$R_3^{яр}$ – жаздық дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың жоспарланатын егістік алаңы;

Y_3^{03} – күздік дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың жоспарланатын шығымдылығы;

$Y_3^{яр}$ – жаздық дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың жоспарланатын шығымдылығы.

Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың егістік алаңдарының болжамын есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

ауыл шаруашылығы дақылдарының жоспарланатын егіс айналымы;

жер алқаптарын, соның ішінде тыңайған жерлерді жырту есебінен болжамды өзгерту;

қаралатын кезеңде дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар өндірісін дамыту бойынша ірі инвестициялық жобалар;

астықтың ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар шығымдылығының көрсеткіштері алдыңғы жылдардағы деректер негізінде

экстраполяциялау әдістерінің көмегімен болжанады. Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар шығымдылығының болжамын есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

тыңайтқыштар енгізудің жоспарланатын деңгейі;

дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар тұқымдарының сапасы;

өсімдік шаруашылығы өнімдерін өсірудің қарқынды технологияларын енгізу.

Болжамды бағалаудың дәлдігін арттыру мақсатында дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың жалпы түсімін есептеу шаруашылықтардың әрбір санаты бойынша (кейіннен жинақтай отырып) – ауыл шаруашылығы ұйымдарында, шаруа (фермер) қожалықтарында және халық шаруашылықтарында бөлек жүргізілуі мүмкін.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

3. Әкелу – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерден:

...

сыртқы сауда (импорт)

3-позицияда астықты, соның ішінде мүше мемлекеттерден жалпы әкелу көлемі (өзара сауда) және үшінші елдерден астықты импорттық жеткізулер (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға астықты әкелу көрсеткіштері (OB_3) мына формула бойынша айқындалады:

$$OB_3 = \sum_k B_{3k} + I_3,$$

мұнда:

B_{3k} – k мүше мемлекеттен астық әкелу болжамы;

I_3 – астықтың импорты (сыртқы сауда).

Астықты мүше мемлекеттерден әкелудің және астықты импорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардағы деректер негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып айқындалуы мүмкін. Бұл болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

астыққа мүше мемлекеттің болжанатын қажеттілігі;

ұлттық нарықтағы және астықты жеткізуші – негізгі мемлекеттерден астық бағаларының арақатынасын қоса алғанда, астықтың ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

4. Ресурстардың жиыны

Астыққа сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) бойынша қорытынды ($Рес_3$) мына формула бойынша айқындалады:

$$Рес_3 = ЗН_3 + П_3 + В_3 + И_3,$$

мұнда:

$ЗН_3$ – жыл басындағы астықтың запастары;

$П_3$ – астық өндірісі;

$В_3$ – мүше мемлекеттерден астық әкелу;

$И_3$ – астық импорты (сыртқы сауда).

Астыққа сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану – барлығы

соның ішінде:

өндірістік тұтыну – барлығы

соның ішінде:

тұқымға

5-позицияда астықтың өндірістік тұтынуға жұмсалуды, азық-түлік мақсаттарына қайта өңдеу жөніндегі деректер, шығындар және жеке тұтыну бойынша деректер қамтылады.

5-позицияның "тұқымға" деген кіші субпозициясында барлық санаттағы шаруашылықтарда ауыл шаруашылығы өндірушілерінің тұқымға арналған астықтың жұмсалуды жөніндегі деректері көрсетіледі. Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға осы кіші субпозициясының көрсеткіштері ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады, олар дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың (қаралып отырған жыл шығымдылығының жаздық дақылдарының егістік алаңдары және келесі жылға күздік дақылдардың егістік алаңдары ескеріледі), сондай-ақ егу үшін дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың тұқымдары пайдаланылатын жем-шөп дақылдарының (

сүрлемге арналған жүгері, көкшөпке арналған күздік, астық-бұршақты бір жылдық қоспалар) егіс алаңдарын дәнді, дәнді-бұршақты және жем-шөп дақылдарын себудің тиісті нормасына көбейту ретінде есептеледі.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға тұқымға арналған астықтың жұмсалыу көрсеткіштері мынадай есептік және сараптамалық әдістердің көмегімен айқындалады:

тұқымға арналған астықтың жұмсалыуы (C_3) мына формула бойынша айқындалады:

$$C_3 = P_3 \times q,$$

мұнда:

P_3 – дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың, сондай-ақ егу үшін дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың тұқымдары пайдаланылатын жем-шөп дақылдарының егіс алқаптары;

q – тұқым себудің орташа нормасы, ол тұқымға жұмсалған астықтың дәнді, дәнді-бұршақты және жем-шөп дақылдарының егіс алқаптарына қатынасының соңғы 3 жылға орташа мәні ретінде айқындалады.

Дәнді, дәнді-бұршақты және жем-шөп дақылдарының егіс алқаптары астық өндіру көлемін болжау кезінде есепке қабылданатын факторлар ескеріле отырып болжанады.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

өндірістік тұтыну –
барлығы

соның ішінде:

мал мен құс
азығына

5-позицияның "мал мен құс азығына" кіші субпозициясында барлық санаттағы шаруашылықтарда ауыл шаруашылығы өндірушілерінің мал мен құс азығына арналған астықтың жұмсалыуы жөніндегі деректері көрсетіледі. Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға осы кіші субпозицияның көрсеткіштері ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады. Ведомстволық болжамдарды мыналар:

мал басы мен құс саны (жыл басында), жем-шөптің жұмсалыу нормалары (жем-шөп бірлігінде), жем-шөп рациондарының құрылымы және жем-шөптің нәрлі құндылығының коэффициенттері туралы болжамды деректер қамтылуы;

мал мен құс азығына арналған астықтың болжамды шығыстары (K_3) мына формула бойынша айқындалуы мүмкін:

$$K_3 = \sum_j M_j \times s_j \times u_{3j} \times g_3,$$

мұнда:

$M_j - j$ түрінде мал мен құс басының болжамы (жыл басында);

s_j – мал мен құстың j түрі үшін жем-шөп шығыстарының нормалары;

uz_j – мал мен құстың j түрі үшін жем-шөп рациондары құрылымындағы астықтың үлесі;

gz – астықтың нәрлі құндылығының коэффициенті.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға мал мен құс азығына арналған астықтың жұмсалыу көрсеткіштері (K_3) мына формула бойынша айқындалады:

$$K_3 = M_y \times s,$$

мұнда:

M_y – мал мен құстың барлық түрінің шартты саны;

s – бір мал басына астықтың орташа жұмсалыу нормасы мал мен құс азығына арналған жұмсалған астықтың шартты мал басына қатынасының соңғы 3 жылдағы орташа мәні ретінде айқындалады.

Мал мен құс басының саны ет өндіру көлемдерін болжауды қарау кезінде айқындалатын факторлар ескеріле отырып болжанады.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

өндірістік тұтыну –
барлығы

соның ішінде:

же м - ш ө п
мақсаттарына қайта
өңдеу

5-позицияның "жем-шөп мақсаттарына қайта өңдеу" кіші субпозициясында құрама жем өнеркәсібі кәсіпорындары және құрама жем өндіру үшін ауыл шаруашылығы өндірушілері қайта өңдейтін астық көлемі қамтылады.

Құрама жемге арналған астықты қайта өңдеу көлемдерін болжау алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып жүргізіледі. Осы болжамды көрсеткіштерді есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мал шаруашылығын дамыту үшін құрама жемге қажеттілік;

құрама жем өндіру бойынша қуаттардың болуы;

қаралып отырған кезеңде жаңа құрама жем өнеркәсібі кәсіпорындарын құру және жұмыс істеп тұрғандарын дамыту жөніндегі инвестициялық жобалар.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

өндірістік тұтыну –
барлығы

соның ішінде:

басқа мақсаттарға
қайта өңдеу

5-позицияның "басқа мақсаттарға қайта өңдеу" кіші субпозициясында спирт, сыра, крахмал және өзге де өнімдер өндіру үшін дайындаушы кәсіпорындар қайта өңдейтін астық бойынша деректер көрсетіледі.

Астықты басқа мақсаттарға қайта өңдеу көлемін болжау алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер көмегімен жүргізіледі. Осы болжамды көрсеткіштерді есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

қайта өңдеу кәсіпорындарының болуы және қуаттылық жүктемесі;

қаралып отырған кезеңде жаңа қайта өңдеу кәсіпорындарын құру және жұмыс істеп тұрғандарын дамыту жөніндегі инвестициялық жобалар.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

азық-түлік
мақсаттарына қайта
өңдеу

5-позицияның "азық-түлік мақсаттарына қайта өңдеу" кіші субпозициясында ұн мен жарма өндіру үшін ауыл шаруашылығы өндірушілері, дайындаушы кәсіпорындар, астық қабылдау және басқа да ұйымдар қайта өңдейтін астық көлемі ескеріледі.

Ұн мен жармаға арналған астықты қайта өңдеу көлемдерін болжау алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер көмегімен жүргізіледі. Осы болжамды көрсеткіштерді есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

ұн тарту кәсіпорындарының болуы және қуаттылық жүктемесі;

қаралып отырған кезеңде жаңа ұн тарту кәсіпорындарын құру және жұмыс істеп тұрғандарын дамыту жөніндегі инвестициялық жобалар.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

шығындар

5-позицияның "шығындар" кіші субпозициясында өндіруден өткізуге дейінгі барлық сатыда астықтың шығындары бойынша (ауыл шаруашылығы өндірушілерінің, астық қабылдау ұйымдарының, дайындаушы кәсіпорындардың, көтерме сауда ұйымдары мен басқа да ұйымдардың шығындары бойынша) деректер қамтылады.

Шығындар болжамы соңғы 3 жыл үшін ресурстардағы олардың орташа үлес салмағы және мүше мемлекеттердің астық ысырабын төмендету жөніндегі жоспарланатын іс-шаралары ескеріле отырып есептеледі.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

жеке тұтыну

Жеке тұтыну қорының құрамына (5-позицияның "жеке тұтыну" субпозициясы) үй шаруашылықтарына шикі күйінде түсетін астық бойынша деректер қосылады және қайта өңделген күйде тұтынылатын астық бойынша деректер қосылмайды.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға астықты жеке тұтыну көрсеткіштері соңғы 3 жыл үшін орташа мән ретінде айқындалуы мүмкін.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

6. Әкету – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерге:

...

сыртқы сауда (экспорт)

6-позицияда астықты, соның ішінде мүше мемлекеттерге әкетудің жалпы көлемі (өзара сауда) және үшінші елдерге астықты экспорттық жеткізу (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға астықты әкету көрсеткіштері (ОВВз) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВВз = \sum_k ВВз_k + Эз,$$

мұнда:

ВВз_k – k мүше мемлекетке астықты әкету болжамы;

Эз – астық экспорты (сыртқы сауда).

Астықты мүше мемлекеттерге әкетудің және астықты экспорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардағы деректер негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып айқындалуы мүмкін. Бұл болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

астықтың болжамды ресурстары және оларды ішкі пайдалану;

ұлттық нарықтарда және астықты тұтынушы – негізгі мемлекеттерде астық бағаларының арақатынасын қоса алғанда, астықтың ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы;

мүше мемлекеттердің астықтың экспортына қатысты заңнамасының болжамды өзгерістері (кедендік баждардың мөлшеріндегі өзгерістер, эмбарго енгізу және өзге де өзгерістер).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

7. Пайдалану жиыны

Астыққа сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстарын бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) бойынша қорытынды ($Исп_3$) мына формула бойынша айқындалады:

$$Исп_3 = C_3 + K_3 + ПК_3 + ПД_3 + ПП_3 + ПО_3 + ЛП_3 + ВВ_3 + Э_3,$$

мұнда:

C_3 – тұқымға арналған астықты өндірістік тұтыну;

K_3 – мал мен құс азығына арналған астықты өндірістік тұтыну;

$ПК_3$ – астықты жем-шөп мақсаттарына қайта өңдеу;

$ПД_3$ – астықты басқа да мақсаттарға қайта өңдеу;

$ПП_3$ – астықты азық-түлік мақсаттарына қайта өңдеу;

$ПО_3$ – астық шығындары;

$ЛП_3$ – астықты жеке тұтыну;

$ВВ_3$ – астықты мүше мемлекеттерге әкету;

$Э_3$ – астық экспорты (сыртқы сауда).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

8. Жыл соңындағы запастар

8-позицияда ауыл шаруашылығы өндірушілерінің, астық қабылдау және басқа да ұйымдардың астық запастары бойынша деректер қамтылады.

Жыл соңында астықтың запастарының болжамын есептеу кезінде мынадай факторлар назарға алынады:

астықтың болжанатын ресурстары және оларды ішкі пайдалану;

келесі жылғы шығымдылыққа дейін астыққа деген қажеттілікті қанағаттандыру үшін астықтың қажетті запастарын қалыптастыру;

ұлттық нарықтарда және астықты тұтынушы – негізгі мемлекеттерде астық бағаларының арақатынасын қоса алғанда, астықтың ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы;

элеватор-қойма шаруашылығының болуы және оны дамыту туралы деректер.

III. Ет пен ет өнімдеріне, сондай-ақ еттің жекелеген түрлеріне (сиыр еті, шошқа еті, қой еті, құс еті) сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстары

Ет пен ет өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансына жануарлардың бүкіл түрінің еті (сиыр еті, шошқа еті, қой еті, ешкі еті, қоян еті, құс еті және т.б.), осы әдіснамаға № 4 қосымшада көрсетілген тиісті коэффициенттер бойынша етке қайта есептегендегі ет өнімдері, 1 және 2-санаттағы қосалқы өнімдер, сондай-ақ шикі майға қайта есептегендегі тағамдық мал майы (ЕАЭО СЭҚ ТН 0201 – 0210, 1601 00 – 1602 кодтары) қосылады.

Сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстары ет түрлері бойынша есептеледі:

сиыр етіне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансы;

шошқа етіне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансы;

қой етіне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансы;

құс етіне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансы.

Ет түрлері бойынша сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансына етті қайта өңдеу өнімдері бойынша деректер қосылмайды.

Есепті жыл үшін деректер "Әкелу" және "Әкету" көрсеткіштерін (3 және 6-позициялар) қоспағанда, мүше мемлекеттердің мемлекеттік статистика органдары (қызметтері) бекітетін әдіснамаларға сәйкес есептеледі. Бұл көрсеткіштер осы әдіснамаға № 4 қосымшада көрсетілген тиісті коэффициенттер бойынша есептеледі.

Ет пен ет өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

1. Жыл басындағы
запастар

1-позиция ауыл шаруашылығы өндірушілерінің (ауыл шаруашылығы ұйымдарының, шаруа (фермер) қожалықтарының және халық шаруашылықтарының), дайындаушы кәсіпорындардың, көтерме және бөлшек сауда ұйымдарының ет пен ет өнімдерінің запастары бойынша деректерін қамтиды.

Ет пен ет өнімдерінің жыл басындағы запастары бойынша деректер 8-позициядан көшіріледі (тиісті алдыңғы жылдағы бағаннан).

2. Өндіріс

Ет өндіру көлеміне (2-позиция) барлық санаттағы шаруашылықтарда:

ауыл шаруашылығы ұйымдарында;

шаруа (фермер) қожалықтарында;

халық шаруашылықтарында ет өндірісі қосылады.

Ет өндірісі сойылған салмағында есепке алынады.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға ет өндіру көрсеткіштері мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен және мал шаруашылығын дамытудың салалық бағдарламаларымен өзара байланысты ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады. Ведомстволық болжамдарда мыналар :

жануарлар мен құстардың жекелеген түрлері бойынша көрсеткіштер қамтылуы мүмкін (мүйізді ірі қара мал, шошқа, қой, үй құсы, мал мен құстың өзге түрлері). Барлық ет түрлерін өндіру болжамы (P_m) мына формула бойынша айқындалады:

$$P_m = \sum_i P_{mi},$$

мұнда P_{mi} – i түріндегі ет өндіру болжамы (сиыр еті, шошқа еті, қой еті, құс еті, еттің өзге де түрлері);

жануарлар мен құстардың саны (жыл басында), мал мен құстың союға өткізілетін саны және ет өндіру көлемі туралы болжамды деректер қамтылуы мүмкін;

i түріндегі ет өндірісінің болжанатын көлемі (P_{mi}) мына формула бойынша айқындалуы мүмкін:

$$P_{mi} = H_i \times m_i \times v_i,$$

мұнда:

H_i – i түріндегі мал мен құстың союға өткізілетін, жоспарланып отырған саны;

m_i – i түріндегі мал мен құстың союға өткізілетін орташа тірі салмағы;

v_i – i түріндегі еттің союға шығарылу коэффициенті.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға ет өндіру көрсеткіштері мынадай есептік және сараптамалық әдістердің көмегімен айқындалады:

жануарлар мен құстар саны (жыл басында) алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістері қолданыла отырып болжанады;

i түріндегі мал мен құстың союға өткізілетін саны (H_i) мыналардың арақатынасымен айқындалады:

$$H_i = M_i \times u_i,$$

мұнда:

M_i – i түріндегі жануарлар мен құстар санының болжамы (жыл басында);

уі – і түріндегі мал мен құсты союға өткізу коэффициенті, ол мал мен құстың союға өткізілетін санының і түріндегі жануарлар мен құстар санына қатынасының соңғы 3 жылдағы орташа мәні ретінде айқындалады.

Болжамды көрсеткіштерді есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мал шаруашылығының жем-шөп базасының ағымдағы және болжанатын жай-күйі;
қаралып отырған кезеңде іске асырылатын, мал шаруашылығын дамыту жөніндегі ірі инвестициялық жобалар;
еттің ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Өнімділік көрсеткіштері (мал мен құстың союға өткізілетін орташа тірі салмағы және еттің сойыс шығысының коэффициенттері) соңғы 3 жылдағы орташа мән ретінде айқындалуы және жануарлар мен құстардың өнімділігін арттыру жөніндегі мүше мемлекеттердің жоспарланатын іс-шаралары ескеріле отырып түзетілуі мүмкін.

Болжамды бағалаудың дәлдігін арттыру мақсатында ет өндірісін есептеу шаруашылықтардың әрбір санаты бойынша (кейіннен жинақтай отырып) – ауыл шаруашылығы ұйымдарында, шаруа (фермер) қожалықтарында және халық шаруашылықтарында бөлек жүргізілуі мүмкін. Сондай-ақ жануарлар мен құстар санының жылдың қозғалысының (табын айналымы) толық болжамы есептелуі мүмкін.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

3. Әкелу – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерден:

...

сыртқы сауда (импорт)

3-позицияда ет пен ет өнімдерін, соның ішінде мүше мемлекеттерден (өзара сауда) жалпы әкелу көлемі және ет пен ет өнімдерін үшінші елдерден импорттық жеткізулер (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға ет пен ет өнімдерін әкелу көрсеткіштері (ОВм) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВм = \sum_i (\sum_k B_{mik} + И_{mi}),$$

мұнда:

B_{mik} – k мүше мемлекеттен i түріндегі ет пен ет өнімдерін әкелу болжамы;

Имі – і түріндегі ет пен ет өнімдерінің импорты (сыртқы сауда).

Мүше мемлекеттерден ет пен ет өнімдерін әкелудің және ет пен ет өнімдерін импорттық жеткізулердің болжамдары алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістерінің және сараптамалық әдістердің көмегімен айқындалуы мүмкін. Бұл болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мүше мемлекеттің ет пен ет өнімдеріне болжанатын қажеттілігі;

ұлттық нарықта және ет пен ет өнімдерін жеткізуші – негізгі мемлекеттерден ет пен ет өнімдеріне бағалардың арақатынасын қоса алғанда, ет пен ет өнімдерінің ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы;

ет пен ет өнімдерінің импортына қатысты мүше мемлекеттердің заңнамасының болжамды өзгерістері кедендік баждар, импорттық квоталар мөлшерінің өзгеруі және өзге де өзгерістер).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

4. Ресурстардың жиыны

Ет пен ет өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) бойынша қорытынды (Ресм) мына формула бойынша айқындалады:

$$\text{Ресм} = \text{Знм} + \text{Пм} + \text{Вм} + \text{Им},$$

мұнда:

Знм – ет пен ет өнімдерінің жыл басындағы запастары;

Пм – еттің барлық түрін өндіру;

Вм – мүше мемлекеттерден ет пен ет өнімдерін әкелу;

Им – ет пен ет өнімдерінің импорты (сыртқы сауда).

Жекелеген ет түрлері бойынша сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) бойынша қорытынды (Ресмі) мына формула бойынша айқындалады:

$$\text{Ресмі} = \text{Знмі} + \text{Пмі} + \text{Вмі} + \text{Имі},$$

мұнда:

Знмі – і түріндегі еттің жыл басындағы запасы;

Пмі – і түріндегі ет өндірісі;

Вмі – і түріндегі етті мүше мемлекеттерден әкелу;

Имі – і түріндегі ет импорты (сыртқы сауда).

Ет пен ет өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану – барлығы

соның ішінде:

өндірістік тұтыну –
барлығы
соның ішінде:
а у ы л
шаруашылығында

5-позицияның "ауыл шаруашылығында" кіші субпозициясында ауыл шаруашылығы өндірушілерінде (аң өсіру шаруашылықтарында) ауыл шаруашылығы жануарларының азығына арналған еттің шығысы бойынша деректер көрсетіледі.

Етті өндірістік тұтыну болжамы алдыңғы жылдардағы деректердің негізінде экстраполяциялау әдістерінің көмегімен есептелуі мүмкін.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы
соның ішінде:
өндірістік тұтыну –
барлығы
соның ішінде:
тағамдық емес
мақсаттарға қайта
өңдеу

5-позицияның "тағамдық емес мақсаттарға қайта өңдеу" кіші субпозициясына тағамдық емес өнім өндіру (ет-сүйек ұнын өндіру, фармацевтикалық өнеркәсіп) үшін қайта өңделетін ет көлемі жатады.

Етті тағамдық емес мақсаттарға қайта өңдеу көлемдерін болжау алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып жүргізіледі. Осы болжамды көрсеткіштерді есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

қайта өңдеу кәсіпорындарының болуы және қуаттылық жүктемесі;

қаралып отырған кезеңде жаңа қайта өңдеу кәсіпорындарын құру және жұмыс істеп тұрғандарын дамыту жөніндегі инвестициялық жобалар.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы
соның ішінде:
азық-түлік
мақсаттарына қайта
өңдеу

5-позицияның "азық-түлік мақсаттарына қайта өңдеу" субпозициясы жекелеген ет түрлері (сиыр еті, шошқа еті, қой еті, құс еті) бойынша сұраныс пен ұсыныс болжамдарының бөлу бөлігіне қосылады және ет пен ет өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың жалпы болжамына қосылмайды.

Осы субпозицияға ауыл шаруашылығы өндірушілері, дайындаушы кәсіпорындар және басқа да ұйымдар ет өнімдерін өндіру үшін қайта өңдейтін ет көлемі жатады.

Ет пен ет өнімдерін қайта өңдеу көлемдерін болжау алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып жүргізіледі. Осы болжамды көрсеткіштерді есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

- ет өңдеу кәсіпорындарының болуы және қуаттылық жүктемесі;
- қаралып отырған кезеңде жаңа ет өңдеу кәсіпорындарын құру және жұмыс істеп тұрғандарын дамыту жөніндегі инвестициялық жобалар.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану – барлығы
соның ішінде:
шығындар

5-позицияның "шығындар" субпозициясында өндіруден өткізуге дейінгі барлық сатыларда ет пен ет өнімдерінің шығындары бойынша (ауыл шаруашылығы өндірушілерінің, дайындаушы кәсіпорындардың, көтерме және бөлшек сауда ұйымдарының шығындары бойынша) деректер көрсетіледі.

Шығын болжамы соңғы 3 жылдағы ресурстарда шығынның орташа үлестік салмағы және ет пен ет өнімдерінің шығынын төмендету жөніндегі мүше мемлекеттердің жоспарланатын іс-шаралары ескеріле отырып есептеледі.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану – барлығы
соның ішінде:
жеке тұтыну

5-позицияның "жеке тұтыну" субпозициясына ет пен ет өнімдерінің барлық түрі бойынша деректер қосылады. Ет түрлері (сиыр еті, шошқа еті, қой еті, құс еті) бойынша сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансында жеке тұтыну қорының құрамына үй шаруашылықтарына шикі күйінде түсетін ет бойынша деректер қосылады және тұтынылатын ет өнімдері бойынша деректер қосылмайды.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға ет пен ет өнімдерін жеке тұтыну көрсеткіштері мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен өзара байланысты ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады . Ведомстволық болжамдарда мыналар:

ет пен ет өнімдерінің жекелеген түрлері (сиыр еті, шошқа еті, қой еті, құс еті және еттің басқа да түрлері, сондай-ақ ет өнімдері) бойынша көрсеткіштер қамтылуы мүмкін

. Мүше мемлекет халқының барлық ет түрін тұтыну болжамы ($ЛП_M$) мына формула бойынша айқындалады:

$$ЛП_M = \sum_i ЛП_{Mi},$$

мұнда $ЛП_{Mi}$ – мүше мемлекеттің i түріндегі ет пен ет өнімдерін тұтынуы;

мүше мемлекеттің i түріндегі ет пен ет өнімдерін тұтынуының болжамды көлемі ($ЛП_{Mi}$) мына формула бойынша айқындалуы мүмкін:

$$ЛП_{Mi} = СП_{Mi} \times Ч,$$

мұнда:

$СП_{Mi}$ – мүше мемлекеттің i түріндегі ет пен ет өнімдерін тұтынуының орта есеппен жан басына шаққандағы болжамды көлемі;

$Ч$ – мүше мемлекет халқы санының болжамы.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға мүше мемлекет халқының ет пен ет өнімдерін жеке тұтыну көрсеткіштері мынадай есептік және сараптамалық әдістердің көмегімен айқындалады:

мүше мемлекет халқының i түріндегі ет пен ет өнімдерін орта есеппен жан басына шаққанда тұтынуы осы Әдіснамаға № 3 қосымшада көрсетілген әдістермен мүше мемлекет халқының қолда бар нақты ақшалай кірістеріне тәуелділігі негізінде болжанады;

ағымдағы жылға және кейінгі 2 жылға мүше мемлекет халқының қолда бар нақты ақшалай кірістері мүше мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарына сәйкес қабылданады;

ағымдағы жылға және кейінгі 2 жылға мүше мемлекет халқының саны мүше мемлекеттің демографиялық болжамдарына сәйкес қабылданады.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

6. Әкету – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерге:

...

сыртқы сауда (экспорт)

6-позицияда ет пен ет өнімдерін, соның ішінде мүше мемлекеттерге (өзара сауда) әкетудің жалпы көлемі және ет пен ет өнімдерін үшінші елдерге экспорттық жеткізулер (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға ет пен ет өнімдерін әкету көрсеткіштері ($ОВВ_M$) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВВ_M = \sum_i (\sum_k BB_{mik} + \mathcal{E}_{mi}),$$

мұнда:

BB_{mik} – k мүше мемлекетке i түріндегі ет пен ет өнімдерін әкету болжамы;

$\mathcal{E}_{mi}$ – i түріндегі ет пен ет өнімдерінің экспорты (сыртқы сауда).

Ет пен ет өнімдерін мүше мемлекеттерге әкетудің және ет пен ет өнімдерін экспорттық жеткізулердің болжамдары алдыңғы жылдардағы деректер негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып айқындалуы мүмкін. Бұл болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мүше мемлекетте ет пен ет өнімдерінің болжамды ресурстары және оларды ішкі пайдалану;

ұлттық нарықта және ет пен ет өнімдерін тұтынушы – негізгі мемлекеттерде ет пен ет өнімдеріне бағалардың арақатынасын қоса алғанда, ет пен ет өнімдерінің ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

7. Пайдалану жиыны

Ет пен ет өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстарын бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) бойынша қорытынды (Испм) мына формула бойынша айқындалады:

$$\text{Испм} = K_m + ПД_m + ПО_m + ЛП_m + ВВ_m + \mathcal{E}_m,$$

мұнда:

K_m – ет пен ет өнімдерін ауыл шаруашылығында өндірістік тұтыну;

$ПД_m$ – етті тағамдық емес мақсаттарға қайта өңдеу;

$ПО_m$ – ет пен ет өнімдерінің шығындары;

$ЛП_m$ – ет пен ет өнімдерін жеке тұтыну;

$ВВ_m$ – ет пен ет өнімдерін мүше мемлекеттерге әкету;

$\mathcal{E}_m$ – ет пен ет өнімдерінің экспорты (сыртқы сауда).

Жекелеген ет түрлері бойынша сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының бөлу бөлігі бойынша қорытынды (Испмі) мына формула бойынша айқындалады:

$$\text{Испмі} = K_{mi} + ПП_{mi} + ПД_{mi} + ПО_{mi} + ЛП_{mi} + ВВ_{mi} + \mathcal{E}_{mi},$$

мұнда:

K_{mi} – i түріндегі етті ауыл шаруашылығында өндірістік тұтыну;

- ППмі – і түріндегі етті азық-түлік мақсаттарына қайта өңдеу;
- ПДмі – і түріндегі етті тағамдық емес мақсаттарға қайта өңдеу;
- ПОмі – і түріндегі еттің шығындары;
- ЛПмі – і түріндегі етті жеке тұтыну;
- ВВмі – і түріндегі етті мүше мемлекеттерге әкету;
- Эмі – і түріндегі еттің экспорты (сыртқы сауда).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

8. Жыл соңындағы запастар

8-позицияда ауыл шаруашылығы өндірушілерінде, дайындаушы кәсіпорындарда, көтерме және бөлшек сауда ұйымдарында ет пен ет өнімдерінің запастары бойынша деректер көрсетіледі.

Ет пен ет өнімдерінің жыл соңындағы запастарының болжамы мыналар:

мүше мемлекетте ет пен ет өнімдерінің болжамды ресурстары және оларды ішкі тұтыну;

мүше мемлекеттің тұтыну нарығында ет пен ет өнімдерінің қажетті запастарын және ет өңдеу кәсіпорындарында шикізаттың технологиялық запастарын қалыптастыру ;

етті сақтау үшін мұздатқыш қуаттардың болуы және оларды дамыту туралы деректер ескеріле отырып есептеледі.

IV. Сүт пен сүт өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансы

Сүт пен сүт өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансына іс жүзіндегі салмағында сүттің барлық түрі және осы Әдіснамаға № 4 қосымшада көрсетілген тиісті коэффициенттер бойынша базистік майлы сүтке қайта есептегендегі сүт өнімдері ((мал майы, ірімшік, сүт консервілері, қаймағы алынбаған сүт өнімдері, құрғақ сүт, балмұздақ және басқалары) (ЕАЭО СЭҚ ТН 0401 – 0406, 2105 00 кодтары)) қосылады.

Есепті жыл үшін деректер "Әкелу" және "Әкету" көрсеткіштерін (3 және 6-позициялар) қоспағанда, мүше мемлекеттердің мемлекеттік статистика органдары (қызметтері) бекітетін әдіснамаларға сәйкес есептеледі. Бұл көрсеткіштер осы Әдіснамаға № 4 қосымшада көрсетілген тиісті коэффициенттер бойынша базистік майлы сүтке қайта есептеумен есептеледі.

Сүт пен сүт өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

1. Жыл басындағы запастар

1-позицияда ауыл шаруашылығы өндірушілерінде (ауыл шаруашылығы ұйымдарында, шаруа (фермер) қожалықтарында және халық шаруашылықтарында), дайындаушы кәсіпорындарда, көтерме және бөлшек сауда ұйымдарында сүт пен сүт өнімдерінің запастары бойынша деректер қамтылады.

Сүт пен сүт өнімдерінің жыл басындағы запастары бойынша деректер 8-позициядан көшіріледі (тиісті алдыңғы жылдағы бағаннан).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
2. Өндіріс				

Сүт өндіру көлеміне (2-позиция) барлық санаттағы шаруашылықтарда:

ауыл шаруашылығы ұйымдарында;

шаруа (фермер) қожалықтарында;

халық шаруашылықтарында сүт өндіру қосылады.

Сүт өндіру базистік майлылықта есепке алынады.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға сүт өндіру көрсеткіштері мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен және мал шаруашылығын дамытудың салалық бағдарламаларымен өзара байланысты ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады. Ведомстволық болжамдарда мыналар :

сиырлардың орташа жылдық мал басының саны, өнімділігі (бір сиырға есептегендегі сауылған сүт) және сүт өндіру көлемі туралы болжамды деректер қамтылуы;

сүт өндірудің болжамды көлемі (Пн) мына формула бойынша айқындалуы мүмкін:

$$Пн = Мк \times w + пд,$$

мұнда:

Мк – сиырлардың жоспарланатын орташа жылдық мал басы;

w – бір сиырға есептегенде бір жылда сауылған сүт;

пд – жануарлардың басқа түрлерінің сүтін өндіру.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде сиырлардың орташа жылдық мал басының көрсеткіштері алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістерінің көмегімен болжанады. Осы болжамды көрсеткіштерді есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мал шаруашылығының жем-шөп базасының ағымдағы және болжанатын жай-күйі;

қаралып отырған кезеңде іске асырылатын, мал шаруашылығын дамыту жөніндегі ірі инвестициялық жобалар;

сүт пен сүт өнімдерінің ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Өнімділік көрсеткіштері (бір сиырға есептегенде бір жылда сауылған сүт) соңғы 3 жылдағы орташа мән ретінде айқындалуы және сиырлардың өнімділігін арттыру

бойынша мүше мемлекеттердің жоспарланатын іс-шаралары ескеріле отырып түзетілуі мүмкін.

Сүт өндірудің болжамды көлемдерінде жануарлардың басқа да түрінің сүтін (ешкі сүті, бие сүті және басқалары) өндіру есепке алынады.

Болжамды бағалаудың дәлдігін арттыру мақсатында сүт өндірісін есептеу шаруашылықтардың әрбір санаты бойынша (кейіннен жинақтай отырып) – ауыл шаруашылығы ұйымдарында, шаруа (фермер) қожалықтарында және халық шаруашылықтарында бөлек жүргізілуі мүмкін. Сондай-ақ ірі қара малдың мал басының жылдың қозғалысының толық болжамы есептелуі мүмкін.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
3. Әкелу – барлығы				
соның ішінде:				
өзара сауда – барлығы				
соның ішінде мүше мемлекеттерден:				

...				
сыртқы сауда (импорт)				

3-позицияда сүт пен сүт өнімдерін, соның ішінде мүше мемлекеттерден әкелудің жалпы көлемі (өзара сауда) және сүт пен сүт өнімдерін үшінші елдерден импорттық жеткізулер (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға сүт пен сүт өнімдерін әкелу көрсеткіштері (ОВн) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВн = \sum_k B_{нк} + И_n,$$

мұнда:

$B_{нк}$ – k мүше мемлекеттен сүт пен сүт өнімдерін әкелу болжамы;

$И_n$ – сүт пен сүт өнімдерінің импорты (сыртқы сауда).

Сүт пен сүт өнімдерін мүше мемлекеттерден әкелудің және сүт пен сүт өнімдерін импорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістерінің және сараптамалық әдістердің көмегімен айқындалуы мүмкін. Бұл болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мүше мемлекеттің сүт пен сүт өнімдеріне болжанатын қажеттілігі;

ұлттық нарықта және сүт пен сүт өнімдерін жеткізуші – негізгі мемлекеттерде сүт пен сүт өнімдері бағаларының арақатынасын қоса алғанда, сүт пен сүт өнімдерінің ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы;

мүше мемлекеттердің сүт пен сүт өнімдерінің импортына қатысты заңнамасының болжамды өзгерістері (кедендік баждар, импорттық квоталар мөлшерлерінің өзгеруі және өзге де өзгерістер).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
4. Ресурстардың жиыны				

Сүт пен сүт өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) бойынша қорытынды (Ресн) мына формула бойынша айқындалады:

$$\text{Ресн} = \text{З}_{\text{нн}} + \text{П}_{\text{н}} + \text{В}_{\text{н}} + \text{И}_{\text{н}},$$

мұнда:

$\text{З}_{\text{нн}}$ – сүт пен сүт өнімдерінің жыл басындағы запастары;

$\text{П}_{\text{н}}$ – сүттің барлық түрін өндіру;

$\text{В}_{\text{н}}$ – сүт пен сүт өнімдерін мүше мемлекеттерден әкелу;

$\text{И}_{\text{н}}$ – сүт пен сүт өнімдерінің импорты (сыртқы сауда).

Сүт пен сүт өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
5. Ішкі пайдалану – барлығы				
соның ішінде:				
өндірістік тұтыну – барлығы				
соның ішінде:				
а у ы л шаруашылығында				

5-позицияның "ауыл шаруашылығында" кіші субпозициясында ауыл шаруашылығы өндірушілерінде ауыл шаруашылығы жануарларының төлін емізуге арналған сүттің шығысы жөніндегі деректер көрсетіледі.

Сүтті өндірістік тұтыну болжамы алдыңғы жылдардағы деректердің негізінде экстраполяциялау әдістерінің көмегімен есептелуі мүмкін.

Ауыл шаруашылығы жануарлары төлінің ағымдағы және болжанатын мал басы туралы деректер болған кезде сүтті өндірістік тұтыну болжамы бір мал басына есептегенде емізуге арналған сүттің орта есеппен соңғы 3 жылдағы шығысы және төлдің мал басы ескеріле отырып айқындалуы мүмкін.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
5. Ішкі пайдалану – барлығы				
соның ішінде:				

өндірістік тұтыну – барлығы				
соның ішінде:				
тағамдық емес мақсаттарға қайта өңдеу				

5-позицияның "тағамдық емес мақсаттарға қайта өңдеу" кіші субпозициясында тағамдық емес өнім өндіру (техникалық казеин және басқалары) үшін қайта өңделетін сүт бойынша деректер көрсетіледі.

Сүтті тағамдық емес мақсаттарға қайта өңдеу көлемдерін болжау алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып жүргізіледі. Осы болжамды көрсеткіштерді есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

қайта өңдеу кәсіпорындарының болуы және қуаттылық жүктемесі;

қаралып отырған кезеңде жаңа қайта өңдеу кәсіпорындарын құру және жұмыс істеп тұрғандарын дамыту жөніндегі инвестициялық жобалар.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
5. Ішкі пайдалану – барлығы				
соның ішінде:				
шығындар				

5-позицияның "шығындар" субпозициясында өндіруден өткізуге дейінгі барлық сатыларда сүт пен сүт өнімдерінің шығындары бойынша (ауыл шаруашылығы өндірушілерінің, дайындаушы кәсіпорындардың, көтерме және бөлшек сауда ұйымдарының шығындары бойынша) деректер көрсетіледі.

Шығындар болжамы соңғы 3 жыл ішінде олардың ресурстардағы орташа үлес салмағы және сүт пен сүт өнімдерінің шығындарын азайту бойынша мүше мемлекеттердің жоспарланатын іс-шаралары ескеріле отырып есептеледі.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
5. Ішкі пайдалану – барлығы				
соның ішінде:				
жеке тұтыну				

5-позицияның "жеке тұтыну" субпозициясына сүт пен сүт өнімдерінің барлық түрі бойынша деректер қосылады.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға сүт пен сүт өнімдерін жеке тұтыну көрсеткіштері мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік

бағдарламаларымен өзара байланысты ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады . Ведомстволық болжамдарда мүше мемлекет халқының сүт пен сүт өнімдерін тұтынуының болжамды көлемі (ЛПн) мына формула бойынша айқындалуы мүмкін:

$$ЛПн = СПн \times Ч,$$

мұнда:

СПн – мүше мемлекет халқының сүт пен сүт өнімдерін орта есеппен жан басына шаққанда болжамды тұтынуы;

Ч – мүше мемлекет халқы санының болжамы.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға мүше мемлекет халқының сүт пен сүт өнімдерін жеке тұтыну көрсеткіштері мынадай есептік және сараптамалық әдістердің көмегімен айқындалады:

мүше мемлекет халқының сүт пен сүт өнімдерін орта есеппен жан басына шаққанда тұтынуы осы Әдіснамаға № 3 қосымшада көрсетілген әдістер қолданыла отырып, мүше мемлекет халқының қолда бар нақты ақшалай кірістеріне тәуелділігі негізінде болжанады;

ағымдағы жылға және кейінгі 2 жылға мүше мемлекет халқының қолда бар нақты ақшалай кірістері мүше мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарына сәйкес қабылданады;

ағымдағы жылға және кейінгі 2 жылға мүше мемлекет халқының саны мүше мемлекеттің демографиялық болжамдарына сәйкес қабылданады.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

6. Әкету – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерге:

...

сыртқы сауда (экспорт)

6-позицияда сүт пен сүт өнімдерін, соның ішінде мүше мемлекеттерге әкетудің жалпы көлемі (өзара сауда) және сүт пен сүт өнімдерін үшінші елдерге экспорттық жеткізу (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға сүт пен сүт өнімдерін әкету көрсеткіштері (ОВВн) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВВн = \sum_k ВВнк + Эн,$$

мұнда:

$ВВ_n$ – k мүше мемлекетке сүт пен сүт өнімдерін әкету болжамы;

$Э_n$ – сүт пен сүт өнімдерінің экспорты (сыртқы сауда).

Сүт пен сүт өнімдерін мүше мемлекеттерге әкетудің және сүт пен сүт өнімдерін экспорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардағы деректер негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып айқындалуы мүмкін. Бұл болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мүше мемлекетте сүт пен сүт өнімдерінің болжамды ресурстары және оларды ішкі пайдалану;

ұлттық нарықта және сүт пен сүт өнімдерін тұтынушы – негізгі мемлекеттерде сүт пен сүт өнімдеріне бағалардың арақатынасын қоса алғанда, сүт пен сүт өнімдерінің ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

7. Пайдалану жиыны

Сүт пен сүт өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстарын бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) бойынша қорытынды (Испн) мына формула бойынша айқындалады:

$$\text{Испн} = K_n + ПД_n + ПО_n + ЛП_n + ВВ_n + Э_n,$$

мұнда:

K_n – ауыл шаруашылығында сүтті өндірістік тұтыну;

$ПД_n$ – сүтті тағамдық емес мақсаттарға қайта өңдеу;

$ПО_n$ – сүт пен сүт өнімдерінің шығындары;

$ЛП_n$ – сүт пен сүт өнімдерін жеке тұтыну;

$ВВ_n$ – сүт пен сүт өнімдерін мүше мемлекеттерге әкету;

$Э_n$ – сүт пен сүт өнімдерінің экспорты (сыртқы сауда).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

8. Жыл соңындағы запастар

8-позицияда ауыл шаруашылығы өндірушілерінде, дайындаушы кәсіпорындарда, көтерме және бөлшек сауда ұйымдарында сүт пен сүт өнімдерінің запастары бойынша деректер көрсетіледі.

Сүт пен сүт өнімдерінің жыл соңындағы запастарын болжау:

мүше мемлекетте сүт пен сүт өнімдерінің болжамды ресурстары және оларды ішкі тұтыну;

тұтыну нарығында сүт пен сүт өнімдерінің қажетті запастарын және ауыл шаруашылығы өндірушілерінің және сүтті қайта өңдеу кәсіпорындарында шикізаттың технологиялық запастарын қалыптастыру ескеріле отырып есептеледі.

V. Қантқа сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансы

Қантқа сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансына қант қызылшасынан және құрғақ шикі қанттан өндірілген ақ қант қосылады және қант пайдаланыла отырып өндірілген өнімдер қосылмайды (ЕАЭО СЭҚ ТН 1701 99 100 1 және 1701 99 100 9 кодтары).

Есепті жыл үшін деректер мүше мемлекеттердің мемлекеттік статистика органдары (қызметтері) бекітетін әдіснамаларға сәйкес есептеледі.

Қантқа сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

1. Жыл басындағы
запастар

1-позицияда дайындаушы кәсіпорындарда, көтерме және бөлшек сауда ұйымдарында қанттың запастары бойынша деректер қамтылады.

Қанттың жыл басындағы запастары бойынша деректер 8-позициядан көшіріледі (тиісті алдыңғы жыл үшін бағаннан).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

2. Өндіріс –
барлығы

соның ішінде:

қант қызылшасынан
шикі қанттан

2-позицияда қант қызылшасынан және шикі қанттан қант өндіру көлемі қамтылады. Қант өндіру көлеміне барлық меншік нысанындағы ұйымдарда (негізгі қызмет түріне қарамастан) өндірілген бүкіл өнім қосылады. Қант өндіру көлемі қайта өңдеу өнімдерінсіз есепке алынады. Құмшекер бойынша өндіру көлеміне сондай-ақ шақпақ қант өндіруде пайдаланылған қант көлемі де қосылады. Қосарланған шотты болғызбау мақсатында өндіріс көлеміне шақпақ қант көлемі қосылмайды.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға қант өндіру көрсеткіштері мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен өзара байланысты ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде қант өндіру көрсеткіштері алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістерінің көмегімен болжанады. Осы болжамды көрсеткіштерді есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

қант зауыттарының болуы және қуаттылық жүктемесі;

қаралып отырған кезеңде жаңа қант зауыттарын құру және жұмыс істеп тұрғандарын дамыту жөніндегі ірі инвестициялық жобалар

қанттың ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Болжамды бағалаудың дәлдігін арттыру мақсатында қант қызылшасынан және шикі қанттан қант өндірудің бөлек есебі жүргізілуі мүмкін.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

3. Әкелу – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –

барлығы

соның ішінде мүше

мемлекеттерден:

...

сыртқы сауда (импорт)

3-позицияда қантты, соның ішінде мүше мемлекеттерден әкелудің жалпы көлемі (өзара сауда) және қантты үшінші елдерден импорттық жеткізу (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға қантты әкелу көрсеткіштері (ОВс) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВс = \sum_k V_{sk} + И_{с},$$

мұнда:

V_{sk} – k мүше мемлекеттен қант әкелу болжамы;

$И_{с}$ – қант импорты (сыртқы сауда).

Қантты үшінші мемлекеттерден әкелудің және қантты импорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістерінің және сараптамалық әдістердің көмегімен айқындалуы мүмкін. Осы болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мүше мемлекеттің қантқа деген болжанатын қажеттілігі;

ұлттық нарықта және қантты жеткізуші – негізгі мемлекеттерде қант бағаларының арақатынасын қоса алғанда, қанттың ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы;

мүше мемлекеттердің қант импортына қатысты заңнамасының болжамды өзгерістері (кедендік баждар, импорттық квоталар мөлшерінің өзгеруі және өзге де өзгерістер).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

4. Ресурстардың жиыны

Қантқа сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) бойынша қорытынды (Ресс) мына формула бойынша айқындалады:

$$\text{Ресс} = \text{Знс} + \text{Пс} + \text{Вс} + \text{Ис},$$

мұнда:

Знс – қанттың жыл басындағы запасы;

Пс – қант өндіру (қайта өңдеу өнімдерінсіз);

Вс – қантты үшінші мемлекеттерден әкелу;

Ис – қант импорты (сыртқы сауда).

Қантқа сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

тағамдық емес
мақсаттарға қайта
өңдеу

5-позицияның "тағамдық емес мақсаттарға қайта өңдеу" субпозициясына тағамдық емес өнімдерді өндіру үшін қайта өңделетін қант бойынша деректер қосылады (дайындаушы кәсіпорындарда спирт өндіру, фармацевтикалық өнеркәсіп және басқалары).

Қантты тағамдық емес мақсаттарға қайта өңдеу көлемдерін болжау алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер көмегімен жүргізіледі. Осы болжамды көрсеткіштерді есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

қайта өңдеу кәсіпорындарының болуы және қуаттылық жүктемесі;

қаралып отырған кезеңде жана қайта өңдеу кәсіпорындарын құру және жұмыс істеп тұрғандарын дамыту жөніндегі инвестициялық жобалар.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

азық-түлік
мақсаттарына қайта
өңдеу

5-позицияның "азық-түлік мақсаттарына қайта өңдеу" субпозициясында дайындаушы кәсіпорындарда тамақ өнімдерін (кондитерлік өнімдер, тағамдық концентраттар, ішімдіксіз сусындар және басқалары) өндіру кезінде пайдаланылатын қант көлемі ескеріледі.

Қантты азық-түлік мақсаттарына қайта өңдеу көлемдерін болжау алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып жүргізіледі. Осы болжамды көрсеткішті есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

- қайта өңдеу кәсіпорындарының болуы және қуаттылық жүктемесі;
- қаралып отырған кезеңде жаңа қайта өңдеу кәсіпорындарын құру және жұмыс істеп тұрғандарын дамыту жөніндегі инвестициялық жобалар.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану – барлығы
соның ішінде:
шығындар

5-позицияның "шығындар" субпозициясында өндіруден өткізуге дейінгі барлық сатыда қанттың шығындары бойынша (дайындаушы кәсіпорындардың, көтерме және бөлшек сауда ұйымдарының шығындары бойынша) деректер көрсетіледі.

Шығын болжамы соңғы 3 жыл ішінде олардың ресурстардағы орташа үлес салмағы және мүше мемлекеттердің қант шығынын төмендету жөніндегі жоспарланатын іс-шаралары ескеріле отырып есептеледі.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану – барлығы
соның ішінде:
жеке тұтыну

5-позицияның "жеке тұтыну" субпозициясында үй шаруашылығына келіп түсетін қант бойынша деректер ескеріледі және оны қайта өңдеу өнімдері бойынша деректер ескерілмейді.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға қантты жеке тұтыну көрсеткіштері мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен өзара байланысты ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады. Ведомстволық болжамдарда мүше мемлекет халқының қантты тұтынуының болжамды көлемі (ЛПс) мына формула бойынша айқындалуы мүмкін:

$$ЛПс = СПс \times Ч,$$

мұнда:

СПс – мүше мемлекет халқының қантты орта есеппен жан басына шаққанда болжамды тұтынуы;

Ч – мүше мемлекет халқы санының болжамы.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде мүше мемлекет халқының қантты жеке тұтыну көрсеткіштері ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға мынадай есептік және сараптамалық әдістердің көмегімен айқындалады:

мүше мемлекет халқының қантты орта есеппен жан басына шаққанда тұтынуы осы Әдіснамаға № 3 қосымшада көрсетілген әдістер қолданыла отырып, мүше мемлекет халқының қолда бар нақты ақшалай кірістеріне тәуелділігі негізінде болжанады;

ағымдағы жылға және кейінгі 2 жылға мүше мемлекет халқының қолда бар нақты ақшалай кірістері мүше мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарына сәйкес қабылданады;

ағымдағы жылға және кейінгі 2 жылға мүше мемлекет халқының саны мүше мемлекеттің демографиялық болжамдарына сәйкес қабылданады.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

6. Әкету – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерге:

...

сыртқы сауда (
экспорт)

6-позицияда қантты, соның ішінде мүше мемлекеттерге әкетудің жалпы көлемі (өзара сауда) және қантты үшінші елдерге экспорттық жеткізу (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға қантты әкету көрсеткіштері (ОВВс) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВВс = \sum_k ВВск + Эс,$$

мұнда:

ВВск – k мүше мемлекетке қантты әкету болжамы;

Эс – қант экспорты (сыртқы сауда).

Қантты мүше мемлекеттерге әкетудің және қантты экспорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардағы деректер негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып айқындалуы мүмкін. Осы болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мүше мемлекетте қанттың болжамды ресурстары және оларды ішкі пайдалану;

ұлттық нарықта және қантты тұтынушы – негізгі мемлекеттерде қант бағаларының арақатынасын қоса алғанда, қанттың ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

7. Пайдалану жиіні

Қантқа сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстарын бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) бойынша қорытынды (Испс) мына формула бойынша айқындалады:

$$\text{Испс} = \text{ППс} + \text{ПДс} + \text{ПОс} + \text{ЛПс} + \text{ВВс} + \text{Эс},$$

мұнда:

ППс – қантты азық-түлік мақсаттарына қайта өңдеу;

ПДс – қантты тағамдық емес мақсаттарға қайта өңдеу;

ПОс – қант шығындары;

ЛПс – қантты жеке тұтыну;

ВВс – қантты мүше мемлекеттерге әкету;

Эс – қант экспорты (сыртқы сауда).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

8. Жыл соңындағы запастар

8-позицияда дайындаушы кәсіпорындарда, көтерме және бөлшек сауда ұйымдарында қанттың запастары бойынша деректер қамтылады.

Қанттың жыл соңындағы запастарының болжамы мыналар:

мүше мемлекетте қанттың болжамды ресурстары және оларды ішкі тұтыну;

мүше мемлекеттің тұтыну нарығында қанттың қажетті запастарын және тағам өнеркәсібі кәсіпорындарында шикізаттың технологиялық запастарын қалыптастыру ескеріле отырып есептеледі.

VI. Өсімдік майларына сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансы

Өсімдік майларына сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансында өсімдік майларын пайдалана отырып өндірілген өнімдерді есепке алмағанда, олардың түсім көздері мен пайдалану бағыттары бойынша болжамды ресурстар көрсетіледі (ЕАЭО СЭҚ ТН 1507 – 1515 кодтары).

Есепті жыл үшін деректер мүше мемлекеттердің мемлекеттік статистика органдары (қызметтері) бекітетін әдіснамаларға сәйкес есептеледі.

Өсімдік майларына сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

1. Жыл басындағы
запастар

1-позицияда дайындаушы кәсіпорындарда, көтерме және бөлшек сауда ұйымдарында өсімдік майларының запастары туралы деректер қамтылады.

Өсімдік майларының жыл басындағы запастары бойынша деректер 8-позициядан көшіріледі (тиісті алдыңғы жыл үшін бағаннан).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

2. Өндіріс –
барлығы

соның ішінде:

күнбағыс майы

soя майы

рапс майы

майдың өзге түрлері

Өсімдік майларын өндіру көлеміне (2-позиция) барлық меншік нысанындағы ұйымдарда (негізгі қызмет түріне қарамастан) өндірілген барлық өнім қосылады. Өсімдік майларын өндіру көлемі олар пайдаланыла отырып өндірілген өнімдерсіз есептеледі. Өсімдік майлары бойынша сондай-ақ шөлмекке құйылған өсімдік майларын өндіруде пайдаланылған көлемдер қосылады. Шөлмекке құйылған өсімдік майлары қосарланған шотты болғызбау мақсатында өндіру көлеміне қосылмайды.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға өсімдік майларын өндіру көрсеткіштері мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен өзара байланысты ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде өсімдік майларын өндіру көрсеткіштері алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістерінің көмегімен болжанады. Осы болжамды көрсеткіштерді есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

май өңдеу кәсіпорындарының болуы және қуаттылық жүктемесі;

қаралып отырған кезеңде жаңа май өңдеу кәсіпорындарын құру және жұмыс істеп тұрғандарын дамыту жөніндегі ірі инвестициялық жобалар;

өсімдік майларының ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Болжамды бағалаудың дәлдігін арттыру мақсатында өсімдік майларының түрлері (күнбағыс майы, соя майы, рапс майы және басқалары) бойынша өндірудің бөлек есебі жүргізілуі мүмкін.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

3. Әкелу – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерден:

...

сыртқы сауда (
 импорт)

3-позицияда өсімдік майларын, соның ішінде мүше мемлекеттерден әкелудің жалпы көлемі (өзара сауда) және өсімдік майларын үшінші елдерден импорттық жеткізу (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға өсімдік майларын әкелу көрсеткіштері (ОВр) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВр = \sum_k V_{rk} + Ир,$$

мұнда:

V_{rk} – k мүше мемлекеттен өсімдік майларын әкелу болжамы;

$Ир$ – өсімдік майларының импорты (сыртқы сауда).

Мүше мемлекеттерден өсімдік майларын әкелудің және өсімдік майларын импорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістерінің және сараптамалық әдістердің көмегімен айқындалуы мүмкін. Бұл болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мүше мемлекеттің өсімдік майларына болжанатын қажеттілігі;

ұлттық нарықта және өсімдік майларын жеткізуші – негізгі мемлекеттерде өсімдік майына бағалардың арақатынасын қоса алғанда, өсімдік майларының ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы;

мүше мемлекеттер заңнамасының өсімдік майларының импортына қатысты болжамды өзгерістері (кедендік баждар, импорттық квоталар мөлшерінің өзгеруі және өзге де өзгерістер).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

4. Ресурстардың
жиыны

Өсімдік майларына сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) бойынша қорытынды (Реср) мына формула бойынша айқындалады:

$$Реср = З_{нр} + Пр + Вр + Ир,$$

мұнда:

$З_{нр}$ – өсімдік майларының жыл басындағы запастары;

$Пр$ – өсімдік майларын өндіру;

$Вр$ – мүше мемлекеттерден өсімдік майларын әкелу;

$Ир$ – өсімдік майларының импорты (сыртқы сауда).

Өсімдік майларына сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

тағамдық емес
мақсаттарға қайта
өңдеу

5-позицияның "тағамдық емес мақсаттарға қайта өңдеу" субпозициясында дайындаушы кәсіпорындарда әліпмайға және өзге де тағамдық емес өнімге қайта өңделетін өсімдік майлары бойынша деректер қамтылады.

Өсімдік майларын тағамдық емес мақсаттарға қайта өңдеу көлемдерін болжау алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер көмегімен жүргізіледі. Осы болжамды көрсеткішті есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

қайта өңдеу кәсіпорындарының болуы және қуаттылық жүктемесі;

қаралып отырған кезеңде жаңа қайта өңдеу кәсіпорындарын құру және жұмыс істеп тұрғандарын дамыту жөніндегі инвестициялық жобалар.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

азық-түлік
мақсаттарына қайта
өңдеу

5-позицияның "азық-түлік мақсаттарына қайта өңдеу" субпозициясында дайындаушы кәсіпорындарда құрамында май бар тамақ өнімдерін (маргарин, маргарин өнімі және басқалары) өндіру үшін қайта өңделетін өсімдік майларының көлемі ескеріледі.

Өсімдік майларын азық-түлік мақсаттарына қайта өңдеу көлемдерін болжау алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып жүргізіледі. Болжамды деректерді есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

қайта өңдеу кәсіпорындарының болуы және қуаттылық жүктемесі;

қаралып отырған кезеңде жаңа қайта өңдеу кәсіпорындарын құру және жұмыс істеп тұрғандарын дамыту жөніндегі инвестициялық жобалар.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы
соның ішінде:
шығындар

5-позицияның "шығындар" субпозициясында өндіруден өткізуге дейінгі барлық сатыда өсімдік майларының шығындары бойынша (дайындаушы кәсіпорындардың, көтерме және бөлшек сауда ұйымдарының шығындары бойынша) деректер көрсетіледі.

Шығын болжамы соңғы 3 жыл ішінде олардың ресурстардағы орташа үлес салмағы және мүше мемлекеттердің өсімдік майларының шығынын төмендету жөніндегі жоспарланатын іс-шаралары ескеріле отырып есептеледі.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы
соның ішінде:
жеке тұтыну

5-позицияның "жеке тұтыну" субпозициясында үй шаруашылығына түсетін өсімдік майларының деректері ескеріледі және оларды қайта өңдеу өнімдері ескерілмейді.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға өсімдік майларын жеке тұтыну көрсеткіштері мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен өзара байланысты ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады . Ведомстволық болжамдарда мүше мемлекет халқының өсімдік майларын тұтынуының болжамды көлемі (ЛПр) мына формула бойынша айқындалуы мүмкін:

$$\text{ЛПр} = \text{СПр} \times \text{Ч},$$

мұнда:

СПр – мүше мемлекет халқының өсімдік майларын орта есеппен жан басына шаққанда болжамды тұтынуы;

Ч – мүше мемлекет халқы санының болжамы.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға мүше мемлекет халқының өсімдік майларын жеке тұтыну көрсеткіштері мынадай есептік және сараптамалық әдістердің көмегімен айқындалады:

мүше мемлекет халқының өсімдік майларын орта есеппен жан басына шаққанда тұтынуы осы Әдіснамаға № 3 қосымшада көрсетілген әдістер қолданыла отырып, мүше мемлекет халқының қолда бар нақты ақшалай кірістеріне тәуелділігі негізінде болжанады;

ағымдағы жылға және кейінгі 2 жылға мүше мемлекет халқының қолда бар нақты ақшалай кірістері мүше мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарына сәйкес қабылданады;

ағымдағы жылға және кейінгі 2 жылға мүше мемлекет халқының саны мүше мемлекеттің демографиялық болжамдарына сәйкес қабылданады.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

6. Әкету – барлығы
соның ішінде:
өзара сауда –
барлығы
соның ішінде мүше
мемлекеттерге:

...
сыртқы сауда (экспорт)

6-позицияда өсімдік майларын, соның ішінде мүше мемлекеттерге әкетудің жалпы көлемі (өзара сауда) және өсімдік майларын үшінші елдерге экспорттық жеткізу (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға өсімдік майларын әкету көрсеткіштері (ОВВр) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВВр = \sum_k BВр_k + Эр,$$

мұнда:

$BВр_k$ – k мүше мемлекетке өсімдік майларын әкету болжамы;

$Эр$ – өсімдік майларының экспорты (сыртқы сауда).

Өсімдік майларын мүше мемлекеттерге әкетудің және өсімдік майларын экспорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардағы деректер негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып айқындалуы мүмкін. Бұл болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мүше мемлекетте өсімдік майларының болжамды ресурстары және оларды ішкі пайдалану;

ұлттық нарықта өсімдік майларын тұтынушы – негізгі мемлекеттерде өсімдік майына бағалардың арақатынасын қоса алғанда, өсімдік майларының ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

7. Пайдалану жиыны

Өсімдік майларына сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстарын бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) бойынша қорытынды (Испр) мына формула бойынша айқындалады:

$$Испр = ППр + ПДр + ПОр + ЛПр + ВВр + Эр,$$

мұнда:

ППр – өсімдік майларын азық-түлік мақсаттарына қайта өңдеу;
 ПДр – өсімдік майларын тағамдық емес мақсаттарға қайта өңдеу;
 ПОр – өсімдік майларының шығындары;
 ЛПр – өсімдік майларын жеке тұтыну;
 ВВр – өсімдік майларын мүше мемлекеттерге әкету;
 Эр – өсімдік майларының экспорты (сыртқы сауда).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

8. Жыл соңындағы
запастар

8-позицияда дайындаушы кәсіпорындардың, көтерме және бөлшек сауда ұйымдарының өсімдік майларының запастары бойынша деректер қамтылады.

Өсімдік майларының жыл соңындағы запастарының болжамы мыналар:

мүше мемлекетте өсімдік майларының болжамды ресурстары және оларды ішкі тұтыну;

мүше мемлекеттің тұтыну нарығында өсімдік майларының қажетті запастарын және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарында шикізаттың технологиялық запастарын қалыптастыру ескеріле отырып есептеледі.

VII. Картоп пен оны қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансы

Картоп пен оны қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансында осы әдіснамаға № 4 қосымшада көрсетілген тиісті коэффициенттер бойынша картопқа қайта есептегенде картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерінің түсім көздері мен пайдалану бағыттары бойынша болжамды ресурстар (ЕАЭО СЭҚ ТН 0701, 0710 10 000 0, 0712 90 050 0, 1105, 1108 13 000 0, 2004 10 және 2005 20 кодтары) көрсетіледі.

Есепті жыл үшін деректер "Әкелу" және "Әкету" көрсеткіштерін (3 және 6-позициялар) қоспағанда, мүше мемлекеттердің мемлекеттік статистика органдары (қызметтері) бекітетін әдіснамаларға сәйкес есептеледі. Бұл көрсеткіштер осы әдіснамаға № 4 қосымшада көрсетілген тиісті коэффициенттер бойынша есептеледі.

Картоп пен оны қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

1. Жыл басындағы
запастар

1-позицияда ауыл шаруашылығы өндірушілерінде (ауыл шаруашылығы ұйымдарында, шаруа (фермер) қожалықтарында және халық шаруашылықтарында), дайындаушы кәсіпорындарда, көтерме және бөлшек сауда ұйымдарында картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерінің запастары бойынша деректер қамтылады.

Картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерінің жыл басындағы запастары бойынша деректер 8-позициядан көшіріледі (тиісті алдыңғы жыл үшін бағаннан).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

2. Өндіріс

Картоп өндіру көлеміне (2-позиция) барлық санаттағы шаруашылықтарда:

ауыл шаруашылығы ұйымдарында;

шаруа (фермер) қожалықтарында;

халық шаруашылықтарында картоптың жалпы түсімі қосылады.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға картоптың жалпы түсімінің көрсеткіштері ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен және мүше мемлекеттердің өсімдік шаруашылығын дамытудың салалық бағдарламаларымен өзара байланысты ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады. Ведомстволық болжамдарда мыналар:

егістік алқаптар, картоптың шығымдылығы (егістік алқаптың гектарына есептегенде) және жалпы түсімі туралы болжамды деректер қамтылуы;

картоптың болжанатын жалпы түсімі (Пк) мына формула бойынша айқындалуы мүмкін:

$$П_k = Р_k \times У_k,$$

мұнда:

Рк – картоптың жоспарланатын егістік алаңы;

Ук – картоптың жоспарланатын шығымдылығы.

Картоптың егістік алқаптарының болжамын есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

ауыл шаруашылығы дақылдарының жоспарланатын егіс айналымы;

жер алқаптарын, соның ішінде тыңайған жерлерді жырту есебінен болжамды өзгерту;

қаралып отырған кезеңде іске асырылатын, картоп өндіруді дамыту жөніндегі ірі инвестициялық жобалар;

картоптың ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде картоптың шығымдылық көрсеткіштері алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістері қолданыла отырып болжанады.

Картоптың шығымдылығын болжауды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

картоп отырғызу материалының сапасы;

тыңайтқыштарды енгізудің жоспарланатын деңгейі;

картоп өсірудің қарқынды технологияларын енгізу.

Болжамды бағалаудың дәлдігін арттыру мақсатында картоптың жалпы түсімін есептеу шаруашылықтардың әрбір санаты бойынша (кейіннен жинақтай отырып) – ауыл шаруашылығы ұйымдарында, шаруа (фермер) қожалықтарында және халық шаруашылықтарында бөлек жүргізілуі мүмкін.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

3. Әкелу – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерден:

...

сыртқы сауда (
 импорт)

3-позицияда картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін, соның ішінде мүше мемлекеттерден әкелудің жалпы көлемі (өзара сауда) және картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін үшінші елдерден импорттық жеткізу (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін әкелу көрсеткіштері (ОВк) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВк = \sum_k B_{kk} + Ик,$$

мұнда:

B_{kk} – картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін k мүше мемлекеттен әкелу болжамы;

$Ик$ – картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерінің импорты (сыртқы сауда).

Картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін мүше мемлекеттерден әкелудің және картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін импорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістерінің және сараптамалық әдістердің көмегімен айқындалуы мүмкін. Бұл болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мүше мемлекеттің картоп пен оны қайта өңдеу өнімдеріне болжанатын қажеттілігі;

ұлттық нарықта және картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін жеткізуші – негізгі мемлекеттерде картопқа бағалардың арақатынасын қоса алғанда, картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерінің ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

4. Ресурстардың
жиыны

Картоп пен оны қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) бойынша қорытынды ($Рес_k$) мына формула бойынша айқындалады:

$$Рес_k = З_{H_k} + П_k + B_k + I_k,$$

мұнда:

$З_{H_k}$ – картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерінің жыл басындағы запастары;

$П_k$ – картоп өндіру;

B_k – картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін мүше мемлекеттерден әкелу;

I_k – картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерінің импорты (сыртқы сауда).

Картоп пен оны қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

өндірістік тұтыну –
барлығы

соның ішінде:

тұқымға

5-позицияда өндірістік тұтынуға арналған картоптың шығысы бойынша, жеке тұтыну шығындары бойынша деректер қамтылады.

5-позицияның "тұқымға" кіші субпозициясында барлық санаттағы шаруашылықтарда ауыл шаруашылығы өндірушілерінің тұқымға арналған картоптың шығысы бойынша деректері көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға тұқымға арналған картоп шығысының көрсеткіштері ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады, оларда бұл көрсеткіш жоспарланатын егістік алқап пен картоп егу нормаларының көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға тұқымға арналған картоп шығысының көрсеткіштері ($С_k$) мына формула бойынша айқындалады:

$$С_k = P_k \times q_k,$$

мұнда:

P_k – картоптың жоспарланатын егістік алқаптары;

q_k – егудің орташа нормасы, ол тұқымға жұмсалған картоптың картоптың егістік алқабына атақатынасының соңғы 3 жылдағы мәні ретінде айқындалады.

Картоптың егістік алқаптары картоп өндіру көлемін болжауды қарау кезінде көрсетілген факторлар ескеріле отырып болжанады.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

өндірістік тұтыну –
барлығы

соның ішінде:

мал мен құс
азығына

5-позицияның "мал мен құс азығына" кіші субпозициясында барлық санаттағы шаруашылықтарда ауыл шаруашылығы өндірушілерінде мал мен құс азығына арналған картоптың шығысы бойынша деректер көрсетіледі.

Мал мен құс азығына картопты өндірістік тұтыну болжамы алдыңғы жылдардағы деректердің негізінде экстраполяциялау әдістерінің көмегімен есептелуі мүмкін.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

өндірістік тұтыну –
барлығы

соның ішінде:

тағамдық емес
мақсаттарға қайта
өңдеу

5-позицияның "тағамдық емес мақсаттарға қайта өңдеу" кіші субпозициясында дайындаушы кәсіпорындар спиртті және өзге де тағамдық емес өнімдерді өндіру үшін қайта өңдейтін картоп бойынша деректер қамтылады.

Тағамдық емес мақсаттарға картопты қайта өңдеу көлемдерін болжау алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып жүргізіледі. Осы болжамды көрсеткішті есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

қайта өңдеу кәсіпорындарының болуы және қуаттылық жүктемесі;

қаралып отырған кезеңде жаңа қайта өңдеу кәсіпорындарын құру және жұмыс істеп тұрғандарын дамыту жөніндегі инвестициялық жобалар.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

шығындар

5-позицияның "шығындар" субпозициясында өндіруден өткізуге дейінгі барлық сатыларда картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерінің шығындары бойынша (ауыл шаруашылығы өндірушілерінің, дайындаушы кәсіпорындардың, көтерме және бөлшек сауда ұйымдарының шығындары бойынша) деректер қамтылады.

Шығын болжамы соңғы 3 жыл ішінде олардың ресурстардағы орташа үлес салмағы және мүше мемлекеттердің картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерінің шығынын төмендету жөніндегі жоспарланатын іс-шаралары ескеріле отырып есептеледі.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

жеке тұтыну

Жеке тұтыну қорының құрамына (5-позицияның "жеке тұтыну" субпозициясы) картоп пен оны қайта өңдеу өнімдері бойынша деректер қосылады.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін жеке тұтыну көрсеткіштері мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен өзара байланысты ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады. Ведомстволық болжамдарда мүше мемлекет халқының картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін тұтынуының болжамды көлемі (ЛПк) мына формула бойынша айқындалуы мүмкін:

$$\text{ЛПк} = \text{СПк} \times \text{Ч},$$

мұнда:

СПк – мүше мемлекет халқының картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін орта есеппен жан басына шаққанда болжамды тұтынуы;

Ч – мүше мемлекет халқы санының болжамы.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға мүше мемлекет халқының картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін жеке тұтыну көрсеткіштері мынадай есептік және сараптамалық әдістердің көмегімен айқындалады:

мүше мемлекет халқының картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін орта есеппен жан басына шаққанда тұтынуы осы Әдіснамаға № 3 қосымшада көрсетілген әдістер қолданыла отырып, мүше мемлекет халқының қолда бар нақты ақшалай кірістеріне тәуелділігі негізінде болжанады;

ағымдағы жылға және кейінгі 2 жылға мүше мемлекет халқының қолда бар нақты ақшалай кірістері мүше мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарына сәйкес қабылданады;

ағымдағы жылға және кейінгі 2 жылға мүше мемлекет халқының саны мүше мемлекеттің демографиялық болжамдарына сәйкес қабылданады.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

6. Әкету – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерге:

...

сыртқы сауда (
экспорт)

6-позицияда картоп пен оны қайта өңдеу өнімдері, соның ішінде мүше мемлекеттерге әкетудің жалпы көлемі (өзара сауда) және картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін үшінші елдерге экспорттық жеткізу (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін әкету көрсеткіштері (ОВВк) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВВк = \sum_k BV_k + Эк,$$

мұнда:

BV_k – k мүше мемлекетке картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін әкету болжамы;

$Эк$ – картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерінің экспорты (сыртқы сауда).

Картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін мүше мемлекеттерге әкетудің және картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін экспорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардағы деректер негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып айқындалуы мүмкін. Осы болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мүше мемлекетте картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерінің болжамды ресурстары және оларды ішкі пайдалану;

ұлттық нарықта және картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін тұтынушы – негізгі мемлекеттерде картоп пен оны қайта өңдеу өнімдеріне бағалардың арақатынасын қоса алғанда, картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерінің ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

7. Пайдалану
жиыны

Картоп пен оны қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстарын бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) бойынша қорытынды ($Исп_K$) мына формула бойынша айқындалады:

$$\text{Исп}_k = C_k + K_k + \text{ПД}_k + \text{ПО}_k + \text{ЛП}_k + \text{ВВ}_k + \text{Э}_k,$$

мұнда:

C_k – тұқымға арналған картопты өндірістік тұтыну;

K_k – мал мен құс азығына арналған картопты өндірістік тұтыну;

ПД_k – картопты тағамдық емес мақсаттарға қайта өңдеу;

ПО_k – картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерінің шығындары;

ЛП_k – картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін жеке тұтыну;

ВВ_k – картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерін мүше мемлекеттерге әкету;

Э_k – картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерінің экспорты (сыртқы сауда).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

8. Жыл соңындағы запастар

8-позицияда ауыл шаруашылығы өндірушілерінде, дайындаушы кәсіпорындарда, көтерме және бөлшек сауда ұйымдарында картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерінің запастары бойынша деректер қамтылады.

Картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерінің жыл соңындағы запастарын болжау мыналар:

мүше мемлекетте картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерінің болжамды ресурстары және оларды ішкі тұтыну;

келесі жылғы өнімге дейін картоп пен оны қайта өңдеу өнімдеріне қажеттілікті қанағаттандыру үшін картоп пен оны қайта өңдеу өнімдерінің запастарын қалыптастыру;

мүше мемлекетте картоп сақтау бойынша қуаттылықтың болуы және оны дамыту туралы деректер ескеріле отырып есептеледі.

VIII. Жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансы

Жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансына сандық мәндегі жұмыртқаның барлық түрі (млн. дана) және осы әдіснамаға № 4 қосымшада көрсетілген тиісті коэффициенттер бойынша сандық мәндегі жұмыртқаға қайта есептегендегі жұмыртқа өнімдері (ЕАЭО СЭҚ ТН 0407 және 0408 кодтары) қосылады.

Есепті жыл үшін деректер "Әкелу" және "Әкету" көрсеткіштерін (3 және 6-позициялар) қоспағанда, мүше мемлекеттердің мемлекеттік статистика органдары (қызметтері) бекітетін әдіснамаларға сәйкес есептеледі. Бұл көрсеткіштер осы әдіснамаға № 4 қосымшада көрсетілген тиісті коэффициенттер бойынша есептеледі.

Жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

1. Жыл басындағы
запастар

1-позицияда ауыл шаруашылығы өндірушілерінде (ауыл шаруашылығы ұйымдарында, шаруа (фермер) қожалықтарында және халық шаруашылықтарында), дайындаушы кәсіпорындарда, көтерме және бөлшек сауда ұйымдарында жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерінің запастары бойынша деректер қамтылады.

Жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерінің жыл басындағы запастары бойынша деректер 8-позициядан көшіріледі (тиісті алдыңғы жыл үшін бағаннан).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

2. Өндіріс

Жұмыртқа өндіру көлеміне (2-позиция) барлық санаттағы шаруашылықтарда:
ауыл шаруашылығы ұйымдарында;
шаруа (фермер) қожалықтарында;
халық шаруашылықтарында жұмыртқа өндіру қосылады.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға жұмыртқа өндіру көрсеткіштері мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен және мал шаруашылығын дамытудың салалық бағдарламаларымен өзара байланысты ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады. Ведомстволық болжамдарда мыналар :

тауықтардың орташа жылдық саны, өнімділігі (бір мекиен тауықтың орта есеппен жұмыртқа салғыштығы) және жұмыртқа өндіру туралы деректер қамтылуы;

жұмыртқа өндірудің болжамды көлемі (Пя) мына формула бойынша айқындалуы мүмкін:

$$\text{Пя} = \text{Мя} \times v + \text{пя},$$

мұнда:

Мя – тауықтардың жоспарланатын орташа жылдық саны;

v – бір мекиен тауықтың орта есеппен жұмыртқа салғыштығы;

пя – құстардың басқа түрлерінің жұмыртқаларын өндіру.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде құстардың орташа жылдық санының көрсеткіштері алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістерінің көмегімен болжанады. Осы болжамды көрсеткіштерді есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

құс шаруашылығының азық-түлік базасының ағымдағы және болжанатын жай-күйі;

қаралып отырған кезеңде құс шаруашылығын дамыту жөніндегі ірі инвестициялық жобалар.

Өнімділік көрсеткіштері (бір мекиен тауықтың орта есеппен жұмыртқа салғыштығы) соңғы 3 жылдағы орташа мән ретінде айқындалуы және құс шаруашылығының өнімділігін арттыру бойынша мүше мемлекеттердің жоспарланатын іс-шаралары ескеріле отырып түзетілуі мүмкін.

Жұмыртқа өндірудің болжамды көлемдерінде құстардың басқа түрлерінің жұмыртқаларын өндіру есепке алынады.

Болжамды бағалаудың дәлдігін арттыру мақсатында жұмыртқа өндіруді есептеу шаруашылықтардың әрбір санаты бойынша (кейіннен жинақтай отырып) – ауыл шаруашылығы ұйымдарында, шаруа (фермер) қожалықтарында және халық шаруашылықтарында бөлек жүргізілуі мүмкін.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

3. Әкелу – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерден:

...

сыртқы сауда (
 импорт)

3-позицияда жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін, соның ішінде мүше мемлекеттерден әкелудің жалпы көлемі (өзара сауда) және жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін үшінші елдерден импорттық жеткізу (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін әкелу көрсеткіштері (ОВя) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВя = \sum_k Вя_k + Ия,$$

мұнда:

Вя_k – k мүше мемлекеттен жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін әкелу болжамы;

Ия – жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерінің импорты (сыртқы сауда).

Мүше мемлекеттерден жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін әкелудің және жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін импорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістерінің және сараптамалық әдістердің көмегімен айқындалуы мүмкін. Болжамды деректерді есептеу кезінде сондай-ақ мүше мемлекеттің жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдеріне болжанатын қажеттілігі назарға алынады.

Көрсеткіштің атауы (есеп)	жыл (ағымдағы)	(болжам)	жыл (болжам)
---------------------------	----------------	----------	-----------------

4. Ресурстардың жиыны

Жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) бойынша қорытынды (Реся) мына формула бойынша айқындалады:

$$\text{Реся} = \text{Зня} + \text{Пя} + \text{Вя} + \text{Ия},$$

мұнда:

Зня – жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерінің запастары (жыл басында);

Пя – жұмыртқаның барлық түрін өндіру;

Вя – мүше мемлекеттерден жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін әкелу;

Ия – жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерінің импорты (сыртқы сауда).

Жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану – барлығы

соның ішінде:

өндірістік тұтыну – барлығы

соның ішінде:

а у ы л

шаруашылығында

5-позицияның "ауыл шаруашылығында" кіші субпозициясында ауыл шаруашылығы өндірушілерінде жем-шөпке және инкубацияға жұмыртқа шығысы бойынша деректер көрсетіледі.

Жұмыртқаларды өндірістік тұтыну болжамы алдыңғы жылдардағы деректердің негізінде экстраполяциялау әдістерінің көмегімен есептелуі мүмкін.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану – барлығы

соның ішінде:

өндірістік тұтыну – барлығы

соның ішінде:

тағамдық емес
мақсаттарға қайта
өңдеу

5-позицияның "тағамдық емес мақсаттарға қайта өңдеу" кіші субпозициясына тағамдық емес өнім өндіру үшін қайта өңделетін жұмыртқалар бойынша деректер жатады.

Жұмыртқаларды тағамдық емес мақсаттарға қайта өңдеу көлемдерін болжау алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып жүргізіледі. Осы болжамды көрсеткішті есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

- қайта өңдеу кәсіпорындарының болуы және қуаттылық жүктемесі;
- қаралып отырған кезеңде жаңа қайта өңдеу кәсіпорындарын құру және жұмыс істеп тұрғандарын дамыту жөніндегі инвестициялық жобалар.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану – барлығы
соның ішінде:
шығындар

5-позицияның "шығындар" субпозициясында өндіруден өткізуге дейінгі барлық сатыларда жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерінің шығындары бойынша (ауыл шаруашылығы өндірушілерінің, дайындаушы кәсіпорындардың, көтерме және бөлшек сауда ұйымдарының шығындары бойынша) деректер көрсетіледі.

Шығын болжамы соңғы 3 жыл ішінде олардың ресурстардағы орташа үлес салмағы және мүше мемлекеттердің жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерінің шығынын төмендету жөніндегі жоспарланатын іс-шаралары ескеріле отырып есептеледі.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану – барлығы
соның ішінде:
жеке тұтыну

Жеке тұтыну қоры құрамында (5-позицияның "жеке тұтыну" субпозициясы) жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерінің барлық түрлері бойынша деректер ескеріледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін жеке тұтыну көрсеткіштері мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен өзара байланысты ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады. Ведомстволық болжамдарда мүше мемлекет халқының жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін тұтынуының болжамды көлемі (ЛПя) мына формула бойынша айқындалуы мүмкін:

$$ЛПя = СПя \times Ч,$$

мұнда:

СПя – мүше мемлекет халқының жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін орта есеппен жан басына шаққанда болжамды тұтынуы;

Ч – мүше мемлекет халқы санының болжамы.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға мүше мемлекет халқының жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін жеке тұтыну көрсеткіштері мынадай есептік және сараптамалық әдістер қолданыла отырып айқындалады:

мүше мемлекет халқының жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін орта есеппен жан басына шаққанда тұтынуы осы әдіснамаға № 3 қосымшада көрсетілген әдістер көмегімен мүше мемлекет халқының қолда бар нақты ақшалай кірістеріне тәуелділігі негізінде болжанады;

ағымдағы жылға және кейінгі 2 жылға мүше мемлекет халқының қолда бар нақты ақшалай кірістері мүше мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарына сәйкес қабылданады;

ағымдағы жылға және кейінгі 2 жылға мүше мемлекет халқының мүше мемлекеттердің демографиялық болжамдарына сәйкес қабылданады.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

6. Әкету – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерге:

...

сыртқы сауда (экспорт)

6-позицияда жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін, соның ішінде мүше мемлекеттерге әкетудің жалпы көлемі (өзара сауда) және жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін үшінші елдерге экспорттық жеткізу (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін әкету көрсеткіштері (ОВВя) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВВя = \sum_k ВВя_k + Эя,$$

мұнда:

ВВя_k – k мүше мемлекетке жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін әкету болжамы;

Эя – жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерінің экспорты (сыртқы сауда).

Жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін мүше мемлекеттерге әкетудің және жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін экспорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістерінің және сараптамалық әдістердің көмегімен айқындалуы мүмкін. Болжамды деректерді есептеу кезінде сондай-ақ мүше мемлекетте жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерінің болжамды ресурстары және оларды ішкі пайдалану назарға алынады.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

7. Пайдалану жиыны

Жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстарын бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) бойынша қорытынды (Испя) мына формула бойынша айқындалады:

$$\text{Испя} = \text{Кя} + \text{ПДя} + \text{ПОя} + \text{ЛПя} + \text{ВВя} + \text{Эя},$$

мұнда:

Кя – ауыл шаруашылығында жұмыртқаны өндірістік тұтыну;

ПДя – тағамдық емес мақсаттарға жұмыртқаны қайта өңдеу;

ПОя – жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерінің шығындары;

ЛПя – жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін жеке тұтыну;

ВВя – жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерін мүше мемлекеттерге әкету;

Эя – жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерінің экспорты (сыртқы сауда).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

8. Жыл соңындағы запастар

8-позицияда ауыл шаруашылығы өндірушілерінде, дайындаушы кәсіпорындарда, көтерме және бөлшек сауда ұйымдарында жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерінің запастары бойынша деректер қамтылады.

Жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерінің жыл соңындағы запастарының болжамы мыналар:

мүше мемлекетте жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерінің болжамды ресурстары және оларды ішкі тұтыну;

тұтыну нарығында жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдерінің қажетті запастарын қалыптастыру ескеріле отырып есептеледі.

IX. Бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансы

Бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансында бау-бақша дақылдарының және осы әдіснамаға № 4 қосымшада көрсетілген тиісті коэффициенттер бойынша бау-бақша дақылдарының шикізатына

қайта есептегендегі оларды қайта өңдеу өнімдерінің (ЕАЭО СЭҚ ТН 0702 00 000, 0703, 0704, 0705, 0706, 0707 00, 0708, 0709, 0710, 0711, 0712, 0713, 0807, 2001, 2002, 2004, 2005, 2009 кодтары) түсім көздері мен пайдалану бағыттары бойынша болжамды ресурстар көрсетіледі.

Бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдері бойынша есепті жыл үшін деректер "Әкелу" және "Әкету" көрсеткіштерін (3 және 6-позициялар) қоспағанда, мүше мемлекеттердің мемлекеттік статистика органдары (қызметтері) бекітетін әдіснамаларға сәйкес есептеледі. Бұл көрсеткіштер осы әдіснамаға № 4 қосымшада көрсетілген тиісті коэффициенттер бойынша есептеледі.

Бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

1. Жыл басындағы
запастар

1-позицияда ауыл шаруашылығы өндірушілерінде (ауыл шаруашылығы ұйымдарында, шаруа (фермер) қожалықтарында және халық шаруашылықтарында), дайындаушы кәсіпорындарда басқа да ұйымдарда бау-бақша дақылдарының запастары бойынша деректер қамтылады.

Бау-бақша дақылдарының жыл басындағы запастары бойынша деректер 8-позициядан көшіріледі (тиісті алдыңғы жыл үшін бағаннан).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

2. Өндіріс

Бау-бақша дақылдарын өндіру көлеміне (2-позиция) барлық санаттағы шаруашылықтарда:

ауыл шаруашылығы ұйымдарында;

шаруа (фермер) қожалықтарында;

халық шаруашылықтарында бау-бақша дақылдарының жалпы түсімі қосылады.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға бау-бақша дақылдарының жалпы түсімінің көрсеткіштері ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен және мүше мемлекеттердің өсімдік шаруашылығын дамытудың салалық бағдарламаларымен өзара байланысты ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады. Ведомстволық болжамдарда мыналар:

түрлер бойынша бау-бақша дақылдарының түсім көрсеткіштері қамтылуы;

егістік алқаптар, бау-бақша дақылдарының шығымдылығы және жалпы түсімі туралы болжамды деректер қамтылуы;

бау-бақша дақылдарының болжамды жалпы түсімі (По) мына формула бойынша айқындалуы мүмкін:

$$Po = Po \times Uo,$$

мұнда:

Р_о – бау-бақша дақылдарының жоспарланатын егістік алаңы;

У_о – бау-бақша дақылдарының жоспарланатын шығымдылығы.

Бау-бақша дақылдарының егістік алқаптарының болжамын есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

бау-бақша дақылдарының жоспарланатын егіс айналымы;

жер алқаптарын, соның ішінде тыңайған жерлерді жырту есебінен болжамды өзгерту;

қаралып отырған кезеңде іске асырылатын бау-бақша дақылдарының өндірісін дамыту жөніндегі ірі инвестициялық жобалар;

бау-бақша дақылдарының ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде бау-бақша дақылдары шығымдылығының көрсеткіштері алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістерінің көмегімен болжанады. Бау-бақша дақылдарының шығымдылығын болжауды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

тыңайтқыштарды енгізудің жоспарланатын деңгейі;

бау-бақша дақылдары тұқымдарының сапасы;

өсімдік шаруашылығы өнімдерін өсірудің қарқынды технологияларын енгізу.

Болжамды бағалаудың дәлдігін арттыру мақсатында бау-бақша дақылдарының жалпы түсімін есептеу әрбір дақыл мен шаруашылықтар санаттары бойынша (кейіннен жинақтай отырып) – ауыл шаруашылығы ұйымдарында, шаруа (фермер) қожалықтарында халық шаруашылықтарында бөлек жүргізілуі мүмкін.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

3. Әкелу – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерден:

...

сыртқы сауда (
 импорт)

3-позицияда бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерін, соның ішінде мүше мемлекеттерден әкелудің жалпы көлемі (өзара сауда) және бау-бақша үшінші елдерден импорттық жеткізу (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерін әкелу көрсеткіштері (OBo) мына формула бойынша айқындалады:

$$OBo = \sum_k Bok + Io,$$

мұнда:

Bok – k мүше мемлекеттен бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерін әкелу болжамы;

Io – бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің импорты (сыртқы сауда).

Бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерін мүше мемлекеттерден әкелудің және бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерін импорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардағы деректер негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып айқындалуы мүмкін. Осы болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мүше мемлекеттің бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдеріне болжанатын қажеттілігі;

ұлттық нарықта және бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерін жеткізуші – негізгі мемлекеттерден бау-бақша дақылдары және оларды қайта өңдеу өнімдеріне бағалардың арақатынасын қоса алғанда, бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

4. Ресурстардың жиыны

Бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) бойынша қорытынды (Ресо) мына формула бойынша айқындалады:

$$Ресо = Зно + По + Во + Ио,$$

мұнда:

Зно – бау-бақша дақылдарының жыл басындағы запастары;

По – бау-бақша дақылдарын өндіру;

Во – бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерін мүше мемлекеттерден әкелу;

Ио – бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің импорты (сыртқы сауда).

Бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстарын бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

азық-түлік
мақсаттарына қайта
өңдеу

шығындар

жеке тұтыну

5-позицияда азық-түлік мақсаттарына қайта өңдеуге бау-бақша дақылдарының шығысы бойынша деректер, шығындар және жеке тұтыну бойынша деректер қамтылады.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

азық-түлік
мақсаттарына қайта
өңдеу

5-позицияның "шығындар" субпозициясында өндіруден өткізуге дейінгі барлық сатыда бау-бақша дақылдарының шығындары бойынша (ауыл шаруашылығы өндірушілерінің, дайындаушы кәсіпорындардың, сауда-саттық ұйымдары мен басқа да ұйымдардың шығындары бойынша) деректер қамтылады.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

шығындар

Шығындар болжамы соңғы 3 жыл ішінде олардың ресурстардағы орташа үлес салмағы және мүше мемлекеттердің бау-бақша дақылдары шығынын төмендету жөніндегі жоспарланатын іс-шаралары ескеріле отырып есептеледі.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

жеке тұтыну

Жеке тұтыну қорының құрамына (5-позицияның "жеке тұтыну" субпозициясы) үй шаруашылықтарына шикі күйінде түсетін бау-бақша дақылдары бойынша деректер қосылады және қайта өңделген күйінде тұтынылатын бау-бақша дақылдары бойынша деректер қамтылмайды.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға бау-бақша дақылдарын жеке тұтыну көрсеткіштері соңғы 3 жыл үшін орташа мән ретінде айқындалуы мүмкін.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

6. Әкету – барлығы
соның ішінде:
өзара сауда –
барлығы
соның ішінде мүше
мемлекеттерге:

...
сыртқы сауда (экспорт)

6-позицияда бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерін, соның ішінде мүше мемлекеттерге әкетудің жалпы көлемі (өзара сауда) және бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерін үшінші елдерге экспорттық жеткізулер (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерін әкету көрсеткіштері (ОВВо) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВВо = \sum_k ВВок + Эо,$$

мұнда:

ВВок – бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерін k мүше мемлекетке әкету болжамы;

Эо – бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің экспорты (сыртқы сауда).

Бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерін мүше мемлекеттерге әкетудің және бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерін экспорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардағы деректер негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып айқындалуы мүмкін. Болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің болжамды ресурстары және оларды ішкі пайдалану;

ұлттық нарықта және бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерін тұтынушы – негізгі мемлекеттерде бау-бақша дақылдары және оларды қайта өңдеу өнімдеріне бағалардың арақатынасын қоса алғанда, бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы;

мүше мемлекеттердің бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің экспортына қатысты заңнамасының болжамды өзгерістері (кедендік баждар мөлшерінің өзгеруі, эмбарго енгізу және өзге де өзгерістер).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

7. Пайдалану жиыны

Бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстарын бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) бойынша қорытынды (Испз) мына формула бойынша айқындалады:

$$\text{Испо} = K_o + \text{ПОо} + \text{ЛПО} + \text{ВВо} + \text{Эо},$$

мұнда:

K_o – бау-бақша дақылдарын мал мен құс азығына өндірістік тұтыну;

ПОо – бау-бақша дақылдарының шығындары;

ЛПО – бау-бақша дақылдарын жеке тұтыну;

ВВо – бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерін мүше мемлекеттерге әкету;

Эо – бау-бақша дақылдары мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің экспорты (сыртқы сауда).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

8. Жыл соңындағы запастар

8-позицияда ауыл шаруашылығы өндірушілерінде, сауда кәсіпорындары мен өзге де ұйымдарда бау-бақша дақылдарының запастары бойынша деректер қамтылады.

Бау-бақша дақылдарының жыл соңындағы запастарының болжамын есептеу кезінде мынадай факторлар назарға алынады:

бау-бақша дақылдарының болжамды ресурстары және оларды ішкі пайдалану;

келесі жылғы шығымдылыққа дейін бау-бақша дақылдарына қажеттілікті қанағаттандыру үшін запастардың қажетті көлемін қалыптастыру;

ұлттық нарықта және бау-бақша дақылдарын тұтынушы – негізгі мемлекеттерде бау-бақша дақылдарына бағалардың арақатынасын қоса алғанда, бау-бақша дақылдарының ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы;

қойма шаруашылығының болуы және оның қуаттылығын дамыту туралы деректер.

Х. Жеміс-жидектер, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансы

Жеміс-жидектерге, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансында жеміс-жидектердің және осы әдіснамаға № 4 қосымшада көрсетілген тиісті коэффициенттер бойынша жеміс-жидек шикізатына қайта есептегендегі оларды қайта өңдеу өнімдерінің түсім көздері мен пайдалану

бағыттары (ЕАЭО СЭҚ ТН 0801, 0802, 0803, 0804, 0805, 0806, 0808, 0809, 0810, 0811, 0812, 0813, 2001 90 910 0, 2006 00, 2007, 2008 және 2009 кодтары) бойынша болжамды ресурстар көрсетіледі.

Жеміс-жидектер, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдері бойынша есепті жыл үшін деректер "Әкелу" және "Әкету" көрсеткіштерін (3 және 6-позициялар) қоспағанда, мүше мемлекеттердің мемлекеттік статистика органдары (қызметтері) бекітетін әдіснамаларға сәйкес есептеледі. Бұл көрсеткіштер осы әдіснамаға № 4 қосымшада көрсетілген тиісті коэффициенттер бойынша есептеледі.

Жеміс-жидектерге, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

1. Жыл басындағы
запастар

1-позицияда ауыл шаруашылығы өндірушілерінде (ауыл шаруашылығы ұйымдарында, шаруа (фермер) қожалықтарында және халық шаруашылықтарында), дайындаушы кәсіпорындарда басқа да ұйымдарда жеміс-жидектердің запастары бойынша деректер қамтылады.

Жеміс-жидектердің жыл басындағы запастары бойынша деректер 8-позициядан көшіріледі (тиісті алдыңғы жыл үшін бағаннан).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

2. Өндіріс

Жеміс-жидектерді өндіру көлеміне (2-позиция) барлық санаттағы шаруашылықтарда:

ауыл шаруашылығы ұйымдарында;

шаруа (фермер) қожалықтарында;

халық шаруашылықтарында жеміс-жидектердің жалпы түсімі қосылады.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға жеміс-жидектердің жалпы түсімінің көрсеткіштері ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен және мүше мемлекеттердің өсімдік шаруашылығын дамытудың салалық бағдарламаларымен өзара байланысты ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады. Ведомстволық болжамдарда мыналар:

жеміс-жидектердің шығымдылығын жинау көлемінің көрсеткіштері қамтылуы;

жеміс-жидек екпелері мен жүзім алқаптары, жеміс-жидектердің шығымдылығы мен жалпы түсімі туралы болжамды деректер қамтылуы;

жеміс-жидектердің болжанатын жалпы түсімі (Пз) мына формула бойынша айқындалуы мүмкін:

$$Пфя = Рфя \times Уфя,$$

мұнда:

Рфя – жеміс-жидек екпелері мен жүзім алқаптарының жоспарланатын алаңдары;

Уфя – жеміс-жидектердің жоспарланатын шығымдылығы.

Жеміс-жидек екпелері мен жүзім алқаптары алаңының болжамын есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

салу жоспарланған алаңдар;

жер алқаптарын, соның ішінде тыңайған жерлерді жырту есебінен болжамды өзгерту;

қаралып отырған кезеңде іске асырылатын, жеміс-жидектерді өсіруді дамыту жөніндегі ірі инвестициялық жобалар;

жеміс-жидектердің ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде жеміс-жидектердің шығымдылық көрсеткіштері алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістерінің көмегімен болжанады. Жеміс-жидектердің шығымдылығын болжауды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

тыңайтқыштарды енгізудің жоспарланатын деңгейі;

отырғызу материалдарымен қамтамасыз етілуі;

жеміс-жидектерді өсірудің қарқынды технологияларын енгізу.

Болжамды бағалаудың дәлдігін арттыру мақсатында жеміс-жидектердің жалпы түсімін есептеу әрбір дақыл және шаруашылықтар санаты бойынша (кейіннен жинақтай отырып) – ауыл шаруашылығы ұйымдарында, шаруа (фермер) қожалықтарында халық шаруашылықтарында бөлек жүргізілуі мүмкін.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

3. Әкелу – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерден:

...

сыртқы сауда (
 импорт)

3-позицияда жеміс-жидектерді, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдерін, соның ішінде мүше мемлекеттерден әкелудің жалпы көлемі (өзара сауда) және жеміс-жидектерді, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдерін үшінші елдерден импорттық жеткізу (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға жеміс-жидектерді, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдерін әкелу көрсеткіштері (ОВфя) мына формула бойынша айқындалады:

$$\text{ОВфя} = \sum k \text{Вфя}k + \text{Ифя},$$

мұнда:

Вфя_k – жеміс-жидектерді, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдерін k мүше мемлекеттен әкелу болжамы;

Ифя – жеміс-жидектердің, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдерінің импорты (сыртқы сауда).

Жеміс-жидектерді, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдерін мүше мемлекеттерден әкелудің және жеміс-жидектерді, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдерін импорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардағы деректер негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып айқындалуы мүмкін. Бұл болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мүше мемлекеттің жеміс-жидектерге болжанатын қажеттілігі;

ұлттық нарықта және жеміс-жидектерді жеткізуші – негізгі мемлекеттерде жеміс-жидектерге бағалардың арақатынасын қоса алғанда, жеміс-жидектердің ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

4. Ресурстардың жиыны

Жеміс-жидектерге, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) бойынша қорытынды (Ресфя) мына формула бойынша айқындалады:

$$\text{Ресфя} = \text{Знфя} + \text{Пфя} + \text{Вфя} + \text{Ифя},$$

мұнда:

Знфя – жеміс-жидектердің жыл басындағы запастары;

Пфя – жеміс-жидектерді өндіру;

Вфя – жеміс-жидектерді, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдерін мүше мемлекеттерден әкелу;

Ифя – жеміс-жидектердің, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдерінің импорты (сыртқы сауда).

Жеміс-жидектерге, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану – барлығы

соның ішінде:
азық-түлік
мақсаттарына қайта
өңдеу
шығындар
жеке тұтыну

5-позицияда азық-түлік мақсаттарына, өндірістік тұтынуға қайта өңдеуге жеміс-жидектердің шығысы бойынша деректер, шығындар және жеке тұтыну бойынша деректер қамтылады.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:
шығындар

5-позицияның "шығындар" субпозициясында өндіруден өткізуге дейінгі барлық сатыда жеміс-жидектердің шығындар бойынша (ауыл шаруашылығы өндірушілерінің, дайындаушы кәсіпорындардың, сауда-саттық ұйымдары мен басқа да ұйымдардың шығындары бойынша) деректер қамтылады.

Шығын болжамы соңғы 3 жыл ішінде олардың ресурстардағы орташа үлес салмағы және мүше мемлекеттердің жеміс-жидектер шығынын төмендету жөніндегі жоспарланатын іс-шаралары ескеріле отырып есептеледі.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:
жеке тұтыну

Жеке тұтыну қорының құрамына (5-позицияның "жеке тұтыну" субпозициясы) үй шаруашылықтарына шикі күйінде түсетін жеміс-жидектер бойынша деректер қосылады және қайта өңделген күйінде тұтынылатын жеміс-жидектер бойынша деректер қосылмайды.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға жеміс-жидектерді жеке тұтыну көрсеткіштері соңғы 3 жыл үшін орташа мән ретінде айқындалуы мүмкін.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

6. Әкету – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерге:

...
сыртқы сауда (экспорт)

6-позицияда жеміс-жидектерді, соның ішінде мүше мемлекеттерге әкетудің жалпы көлемі (өзара сауда) және жеміс-жидектерді үшінші елдерге экспорттық жеткізулер (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға жеміс-жидектерді әкету көрсеткіштері (ОВВфя) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВВфя = \sum_k ВВфя_k + Эфя,$$

мұнда:

ВВфя_k – жеміс-жидектерді k мүше мемлекетке әкету болжамы;

Эфя – жеміс-жидектер экспорты (сыртқы сауда).

Жеміс-жидектерді мүше мемлекеттерге әкетудің және жеміс-жидектерді экспорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардағы деректер негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып айқындалуы мүмкін. Осы болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады :

жеміс-жидектердің болжамды ресурстары және оларды ішкі пайдалану;

ұлттық нарықта және жеміс-жидектерді тұтынушы – негізгі мемлекеттерде жеміс-жидектерге бағалардың арақатынасын қоса алғанда, жеміс-жидектердің ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы;

мүше мемлекеттердің жеміс-жидектердің экспортына қатысты заңнамасының болжамды өзгерістері (кедендік баждар мөлшерінің өзгеруі, эмбарго енгізу және өзге де өзгерістер).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

7. Пайдалану
жиыны

Жеміс-жидектерге сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансын бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) бойынша қорытынды (Испфя) мына формула бойынша айқындалады:

$$Испфя = Сфя + ПОфя + ЛПфя + ВВфя + Эфя,$$

мұнда:

Сфя – жеміс-жидектерді азық-түлік мақсаттарына қайта өңдеу;

ПОфя – жеміс-жидектер шығындары;

ЛПфя – жеміс-жидектерді жеке тұтыну;

ВВфя – жеміс-жидектерді мүше мемлекеттерге әкету;

Эфя – жеміс-жидектер экспорты (сыртқы сауда).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

8. Жыл соңындағы
запастар

8-позицияда ауыл шаруашылығы өндірушілерінде және басқа да ұйымдарда жеміс-жидектердің запастары бойынша деректер қамтылады.

Жеміс-жидектердің жыл соңындағы запастарының болжамын есептеу кезінде мынадай факторлар назарға алынады:

жеміс-жидектердің болжамды ресурстары және оларды ішкі пайдалану;

келесі жылғы шығымдылыққа дейін жеміс-жидектертерге қажеттілікті қанағаттандыру үшін қажетті жеміс-жидектердің запастарын қалыптастыру;

ұлттық нарықта және жеміс-жидектерді тұтынушы – негізгі мемлекеттерде жеміс-жидектерге бағалардың арақатынасын қоса алғанда, жеміс-жидектердің ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы;

қойма шаруашылығының болуы және оның қуаттылығын дамыту туралы деректер.

XI. Зығыр талшығы бойынша болжамды баланс

Зығыр талшығына сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансында оның түсім көздері және пайдалану бағыттары бойынша болжамды ресурстар көрсетіледі (ЕАЭО СЭҚ ТН 5301 10 000 0, 5301 21 000 0 және 5301 29 000 0 кодтары).

Зығыр талшығы бойынша есепті жыл үшін деректер "Әкелу" және "Әкету" көрсеткіштерін (3 және 6-позициялар) қоспағанда, мүше мемлекеттердің мемлекеттік статистика органдары (қызметтері) бекітетін әдіснамаларға сәйкес есептеледі.

Зығыр талшығына сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

1. Жыл басындағы
запастар

1-позицияда ауыл шаруашылығы өндірушілерінде (ауыл шаруашылығы ұйымдарында, шаруа (фермер) қожалықтарында және халық шаруашылықтарында), дайындаушы кәсіпорындарда және басқа да ұйымдарда зығыр талшығының запастары бойынша деректер қамтылады.

Зығыр талшығының жыл басындағы запастары бойынша деректер 8-позициядан көшіріледі (тиісті алдыңғы жыл үшін бағаннан).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

2. Өндіріс

Зығыр талшығын өндіру (2-позиция) деп зығыр сабанын өнеркәсіптік қайта өңдеу нәтижесінде зығыр талшығын алу түсініледі.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

3. Әкелу – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерден:

...

сыртқы сауда (
 импорт)

3-позицияда зығыр талшығын, соның ішінде мүше мемлекеттерден әкелудің жалпы көлемі (өзара сауда) және зығыр талшығын үшінші елдерден импорттық жеткізу (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға зығыр талшығын әкелу көрсеткіштері ($ОВ_{л}$) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВ_{л} = \sum_k B_{лк} + И_{л},$$

мұнда:

$B_{лк}$ – зығыр талшығын k мүше мемлекеттен әкелу болжамы;

$И_{л}$ – зығыр талшығының импорты (сыртқы сауда).

Зығыр талшығын мүше мемлекеттерден әкелудің және зығыр талшығын импорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістерінің және сараптамалық әдістердің көмегімен айқындалуы мүмкін. Осы болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мүше мемлекеттің зығыр талшығына болжанатын қажеттілігі;

ұлттық нарықта және зығыр талшығы мен оны қайта өңдеу өнімдерін жеткізуші – негізгі мемлекеттерде зығыр талшығына бағалардың арақатынасын қоса алғанда, зығыр талшығы мен оны қайта өңдеу өнімдерінің ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

4. Ресурстардың
жиыны

Зығыр талшығына сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстарының ресурстық бөлігі (ресурстар) бойынша қорытынды (Рес_л) мына формула бойынша айқындалады:

$$\text{Рес}_л = \text{Зн}_л + \text{П}_л + \text{В}_л + \text{И}_л,$$

мұнда:

Зн_л – зығыр талшығының жыл басындағы запастары;

П_л – зығыр талшығын өндіру;

В_л – зығыр талшығын мүше мемлекеттерден әкелу;

И_л – зығыр талшығының импорты (сыртқы сауда).

Зығыр талшығына сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану –
барлығы

соның ішінде:

өндірістік тұтыну
шығындар

5-позицияда зығыр талшығын өндірістік тұтынуға жұмсалатын шығыстар мен шығындар бойынша деректер қамтылады.

5-позицияның "өндірістік тұтыну" субпозициясында мата материалдарын өндіруге және басқа да мақсаттарға дайындаушы кәсіпорындар қайта өңдейтін зығыр талшығы бойынша деректер көрсетіледі.

Зығыр талшығын қайта өңдеу көлемдерін болжау алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер көмегімен жүргізіледі. Осы болжамды көрсеткішті есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

қайта өңдеу кәсіпорындарының болуы және қуаттылық жүктемесі;

қаралып отырған кезеңде жаңа қайта өңдеу кәсіпорындарын құру және жұмыс істеп тұрғандарын дамыту жөніндегі инвестициялық жобалардың болуы.

5-позицияның "шығындар" субпозициясында өндіруден өткізуге дейінгі барлық сатыда зығыр талшығының шығындары бойынша (ауыл шаруашылығы өндірушілерінің, дайындаушы кәсіпорындардың және басқа да ұйымдарда шығындар бойынша) деректер қамтылады.

Шығын болжамы соңғы 3 жыл ішінде олардың ресурстардағы орташа үлес салмағы және мүше мемлекеттердің зығыр талшығының шығынын төмендету жөніндегі жоспарланатын іс-шаралары ескеріле отырып есептеледі.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

6. Өкету – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерге:

...

сыртқы сауда (
экспорт)

6-позицияда зығыр талшығын, соның ішінде мүше мемлекеттерге әкетудің жалпы көлемі (өзара сауда) және зығыр талшығын үшінші елдерге экспорттық жеткізу (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға зығыр талшығын әкету көрсеткіштері (ОВВк) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВВл = \sum_k ВВлк + Эл,$$

мұнда:

ВВлк – зығыр талшығын k мүше мемлекетке әкету болжамы;

Эл – зығыр талшығының экспорты (сыртқы сауда).

Зығыр талшығы мен оны қайта өңдеу өнімдерін мүше мемлекеттерге әкетудің және зығыр талшығы мен оны қайта өңдеу өнімдерін экспорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардағы деректер негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып айқындалуы мүмкін. Осы болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мүше мемлекеттегі зығыр талшығы мен оны қайта өңдеу өнімдерінің болжамды ресурстары және оларды ішкі пайдалану;

ұлттық нарықта және зығыр талшығы мен оны қайта өңдеу өнімдерін тұтынушы – негізгі мемлекеттерде зығыр талшығы және оны қайта өңдеу өнімдеріне бағалардың арақатынасын қоса алғанда, зығыр талшығы мен оны қайта өңдеу өнімдерінің ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

7. Пайдалану
жиыны

Зығыр талшығына сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстарын бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) бойынша қорытынды (Испл) мына формула бойынша айқындалады:

$$Испл = ПТл + ПОл + ВВл + Эл,$$

мұнда:

ПТл – зығыр талшығын мата өндіруге және басқа да мақсаттарға қайта өңдеу;

ПОл – зығыр талшығының шығындары;

ВВл – зығыр талшығын мүше мемлекеттерге әкету;

Эл – зығыр талшығының экспорты (сыртқы сауда).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

8. Жыл соңындағы
запастар

8-позицияда ауыл шаруашылығы өндірушілерінде, дайындаушы кәсіпорындарда және басқа да ұйымдарда зығыр талшығының запастары бойынша деректер қамтылады

Зығыр талшығының жыл соңындағы запастарының болжамы:

мүше мемлекетте зығыр талшығының болжамды ресурстары және оны ішкі тұтыну;

келесі жылғы шығымдылыққа дейін зығыр талшығына қажеттілікті қанағаттандыру үшін зығыр талшығының қажетті запастарын қалыптастыру;

мүше мемлекетте қайта өңдеу кәсіпорындарының және қойма шаруашылықтарының болуы және оларды дамыту туралы деректер ескеріле отырып есептеледі.

ХП. Былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансы

Былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансында сандық мәнде былғары шикізатының және осы әдіснамаға № 4 қосымшада көрсетілген тиісті коэффициенттер бойынша сандық мәнде ірі қара малдың терісіне қайта есептегендегі оны қайта өңдеу өнімдерінің (мың дана) (ЕАЭО СЭҚ ТН 4101, 4102, 4103 30 000 0, 4104, 4105, 4106 31 000 0, 4106 32 000 0, 4107 – 4113 кодтары) түсім көздері мен пайдалану бағыттары бойынша болжамды ресурстар көрсетіледі.

Есепті жыл үшін деректер "Әкелу" және "Әкету" көрсеткіштерін (3 және 6-позициялар) қоспағанда, мүше мемлекеттердің мемлекеттік статистика органдары (қызметтері) бекітетін әдіснамаларға сәйкес есептеледі. Бұл көрсеткіштер осы әдіснамаға № 4 қосымшада көрсетілген тиісті коэффициенттер бойынша есептеледі.

Былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

1. Жыл басындағы
запастар

1-позицияда ауыл шаруашылығы өндірушілерінде (ауыл шаруашылығы ұйымдарында, шаруа (фермер) қожалықтарында және халық шаруашылықтарында),

өнеркәсіптік қайта өңдеуші және өзге де кәсіпорындар мен ұйымдарда былғары шикізатының запастары бойынша деректер қамтылады.

Былғары шикізатының жыл басындағы запастары бойынша деректер 8-позициядан көшіріледі (тиісті алдыңғы жыл үшін бағаннан).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

2. Өндіріс

Былғары шикізатын өндіру көлеміне (2-позиция) барлық санаттағы шаруашылықтарда:

ауыл шаруашылығы ұйымдарында;

шаруа (фермер) қожалықтарында;

халық шаруашылықтарында жануарлардың (ірі қара малдың, ұсақ қара малдың және шошқаның) терісін өндіру қосылады.

Былғары шикізатын өндіру жете өңделгеннен кейінгі санымен есепке алынады.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға былғары шикізатын өндіру көрсеткіштері мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен және мал шаруашылығын дамытудың салалық бағдарламаларымен өзара байланысты ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады. Ведомстволық болжамдарда мыналар қамтылуы мүмкін:

қой, ешкі, сиыр және басқалары бойынша көрсеткіштер;

союға арналған жануарлардың саны туралы болжамды деректер;

мына формула бойынша айқындалатын былғары шикізатының болжанатын өндірісі (Пкс):

$$Пкс = Ркрс + (кмрс \times Рмрс) + (ксв \times Рсв),$$

мұнда:

Ркрс – союға арналған ірі қара малдың саны;

Рмрс – союға арналған ұсақ қара малдың саны;

Рсв – союға арналған шошқаның саны;

кмрс – ұсақ қара малдың терісін ірі қара малдың терісіне қайта есептеу коэффициенті (0,5);

ксв – шошқа терісін ірі қара малдың терісіне қайта есептеу коэффициенті (0,75).

Былғары шикізаты өндіруді болжау кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мал басы санының, соның ішінде оның төлдеуінің ұлғаюы есебінен болжанатын ұлғаюы;

қаралып отырған кезеңде іске асырылатын, мал шаруашылығын дамыту жөніндегі ірі инвестициялық жобалар;

былғары шикізатының ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде былғары шикізатын өндіру көлемінің көрсеткіштері алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістерінің көмегімен болжанады. Бір жануардан былғары шикізатын өндіру көлемінің болжамын есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

малдың жоспарлы төлдеуі;

дені сау жануарлардың жай-күйі;

мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің қарқынды технологияларын енгізу.

Болжамды бағалаудың дәлдігін арттыру мақсатында былғары шикізатын өндіруді есептеу шаруашылықтардың әрбір санаты бойынша (кейіннен жинақтай отырып) – ауыл шаруашылығы ұйымдарында, шаруа (фермер) қожалықтарында және халық шаруашылықтарында бөлек жүргізілуі мүмкін.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

3. Әкелу – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерден:

...

сыртқы сауда (
 импорт)

3-позицияда былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерін, соның ішінде мүше мемлекеттерден әкелудің жалпы көлемі (өзара сауда) және былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдері үшінші елдерден импорттық жеткізулер (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Болжамды кезеңге былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерін әкелу көрсеткіштері (ОВкс) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВкс = \sum_n Вкск + Икс,$$

мұнда:

Вкск – былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерін k мүше мемлекеттен әкелу болжамы;

Икс – былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерінің импорты (сыртқы сауда).

Былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерін мүше мемлекеттерден әкелудің және былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерін импорттық жеткізудің

болжамдары алдыңғы жылдардағы деректер негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып айқындалуы мүмкін. Осы болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

мүше мемлекеттің былғары шикізатына болжанатын қажеттілігі;

ұлттық нарықта және былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерін жеткізуші – негізгі мемлекеттерде былғары шикізатына бағалардың арақатынасын қоса алғанда, былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерінің ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

4. Ресурстардың жиыны

Былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстарының ресурстық бөлігі (ресурстар) бойынша қорытынды ($Рес_{кс}$) мына формула бойынша айқындалады:

$$Рес_{кс} = ЗН_{кс} + П_{кс} + В_{кс} + И_{кс},$$

мұнда:

$ЗН_{кс}$ – былғары шикізатының жыл басындағы запастары;

$П_{кс}$ – былғары шикізатын өндіру;

$В_{кс}$ – былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерін мүше мемлекеттерден әкелу;

$И_{кс}$ – былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерінің импорты (сыртқы сауда).

Былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстарының бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

5. Ішкі пайдалану – барлығы

соның ішінде:

өндірістік тұтыну
шығындар

5-позицияда былғары шикізатын өндірістік тұтынуға жұмсау бойынша деректер және шығындар бойынша деректер қамтылады.

Былғары шикізатын өндірістік тұтыну көлемдерін болжау алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер көмегімен жүргізіледі. Болжамды көрсеткіштерді есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

қайта өңдеу кәсіпорындарының болуы және қуаттылық жүктемесі;

қаралып отырған кезеңде жаңа қайта өңдеу кәсіпорындарын құру және жұмыс істеп тұрғандарын дамыту жөніндегі инвестициялық жобалар.

5-позицияның "шығындар" субпозициясында өндірудің барлық сатысында былғары шикізатының шығындары бойынша (ауыл шаруашылығы өндірушілерінде, дайындаушы кәсіпорындарда, көтерме сауда ұйымдары мен басқа да ұйымдарда шығындар бойынша) деректер қамтылады.

Шығын болжамы соңғы 3 жыл ішінде олардың ресурстардағы орташа үлес салмағы және мүше мемлекеттердің былғары шикізатының шығынын төмендету жөніндегі жоспарланатын іс-шаралары ескеріле отырып есептеледі.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

6. Әкету – барлығы

соның ішінде:

өзара сауда –
барлығы

соның ішінде мүше
мемлекеттерге:

...

сыртқы сауда (
экспорт)

6-позицияда былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерін, соның ішінде мүше мемлекеттерге әкетудің жалпы көлемі (өзара сауда) және былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерін үшінші елдерге экспорттық жеткізулер (сыртқы сауда) көрсетіледі.

Болжамды кезеңге былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерін әкету көрсеткіштері (ОВВз) мына формула бойынша айқындалады:

$$ОВВ_{кс} = \sum_k ВВ_{кск} + Э_{кс},$$

мұнда:

$ВВ_{кск}$ – былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерін k мүше мемлекетке әкету болжамы;

$Э_{кс}$ – былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерінің экспорты (сыртқы сауда).

Былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерін мүше мемлекеттерге әкетудің және былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерін экспорттық жеткізудің болжамдары алдыңғы жылдардағы деректер негізінде экстраполяциялау әдістері және сараптамалық әдістер қолданыла отырып айқындалуы мүмкін. Болжамды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерінің болжамды ресурстары және оларды ішкі пайдалану;

ұлттық нарықта және былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерін тұтынушы – негізгі мемлекеттерде былғары шикізаты және оны қайта өңдеу өнімдеріне бағалардың арақатынасын қоса алғанда, былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерінің ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы;

мүше мемлекеттердің заңнамасының былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерінің экспортына қатысты болжамды өзгерістері (кедендік баждар мөлшерінің өзгеруі, эмбарго енгізу және өзге де өзгерістер).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

7. Пайдалану жиыны

Былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды баланстарын бөлу бөлігі (ресурстарды пайдалану) бойынша қорытынды (Испкс) мына формула бойынша айқындалады:

$$\text{Испкс} = \text{Скс} + \text{ПОкс} + \text{ВВкс} + \text{Экс},$$

мұнда:

Скс – өндірістік тұтыну;

ПОкс – былғары шикізатының шығындары;

ВВкс – былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерін мүше мемлекеттерге әкету;

Экс – былғары шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерінің экспорты (сыртқы сауда).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

8. Жыл соңындағы запастар

8-позицияда ауыл шаруашылығы өндірушілерінде және басқа да ұйымдарда былғары шикізатының запастары бойынша деректер қамтылады.

Былғары шикізатының жыл соңындағы запастарының болжамын есептеу кезінде мынадай факторлар назарға алынады:

былғары шикізатының болжамды ресурстары және оларды ішкі пайдалану;

келесі жылға дайындағанға дейін былғары шикізатына қажеттілікті қанағаттандыру үшін былғары шикізатының қажетті запастарын қалыптастыру;

ұлттық нарықта және былғары шикізатын тұтынушы – негізгі мемлекеттерде былғары шикізатына бағалардың арақатынасын қоса алғанда, былғары шикізатының ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы;

қайта өңдеу кәсіпорындары мен қойма шаруашылықтарының болуы және оларды дамыту туралы деректер.

ХІІІ. Мақта талшығы мен оны қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансы

Мақта талшығы мен оны қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансында мақта талшығының және осы әдіснамаға № 4 қосымшада көрсетілген тиісті коэффициенттер бойынша жете өңделгеннен кейінгі салмақта мақта талшығына қайта есептегендегі оны қайта өңдеу өнімдерінің (ЕАЭО СЭҚ ТН 5201 00, 5202, 5203 00 000 0 кодтары) түсім көздері мен пайдалану бағыттары бойынша болжамды ресурстар көрсетіледі.

Есепті жыл үшін деректер "Әкелу" және "Әкету" көрсеткіштерін (3 және 6-позициялар) қоспағанда, мүше мемлекеттердің мемлекеттік статистика органдары (қызметтері) бекітетін әдіснамаларға сәйкес есептеледі. Бұл көрсеткіштер осы әдіснамаға № 4 қосымшада көрсетілген тиісті коэффициенттер бойынша есептеледі.

Мақта талшығы мен оны қайта өңдеу өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың болжамды балансының ресурстық бөлігі (ресурстар) мынадай позицияларды қамтиды:

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

1. Жыл басындағы
запастар

1-позицияда жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарында және басқа да ұйымдарда, мақта талшығы иелерінде мақта талшығының запастары бойынша деректер қамтылады.

Мақта талшығының жыл басындағы запастары бойынша деректер 8-позициядан көшіріледі (тиісті алдыңғы жыл үшін бағаннан).

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
--------------------	---------------	----------------	-----------------	-----------------

2. Өндіріс

Мақта талшығын өндіру көлеміне (2-позиция) барлық санаттағы шаруашылықтарда :

- ауыл шаруашылығы ұйымдарында;
- шаруа (фермер) қожалықтарында;
- халық шаруашылықтарында мақта талшығына қайта есептегендегі шитті мақтаның жалпы түсімі қосылады.

Мақта талшығының жалпы түсімі жете өңделгеннен кейінгі салмағында есепке алынады.

Ағымдағы жылға және болжамды 2 жылға мақта талшығының жалпы түсімінің көрсеткіштері ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен және мүше мемлекеттердің өсімдік шаруашылығын дамытудың салалық бағдарламаларымен өзара байланысты ведомстволық болжамдарға сәйкес айқындалады. Ведомстволық болжамдарда мыналар:

мақтаның егістік алаңдары туралы, мақта талшығына қайта есептегендегі шитті мақтаның шығымдылығы мен жалпы түсімі туралы болжамды деректер;

мына формула бойынша айқындалатын мақта талшығының болжанатын жалпы түсімі (P_x), қамтылуы мүмкін:

$$P_x = R_x \times U_x,$$

мұнда:

R_x – мақтаның жоспарланатын егістік алаңы;

U_x – мақтаның жоспарланатын шығымдылығы (мақта талшығына қайта есептегенде).

Мақтаның егістік алқаптарының болжамын есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

ауыл шаруашылығы дақылдарының жоспарланатын егіс айналымы;

суармалы жерлерді айналымға енгізудің жоспарланатын алаңдары;

қаралып отырған кезеңде іске асырылатын, мақта талшығын өндіруді дамыту жөніндегі ірі инвестициялық жобалар;

мақта талшығының ұлттық және әлемдік нарықтарының конъюнктурасы.

Тиісті ведомстволық болжамдар болмаған кезде мақта талшығының шығымдылық көрсеткіштері алдыңғы жылдардың деректері негізінде экстраполяциялау әдістерінің көмегімен болжанады. Мақтаның шығымдылығын болжауды есептеу кезінде сондай-ақ мынадай факторлар назарға алынады:

тыңайтқыштарды енгізудің жоспарланатын деңгейі;

тұқым сапасы;

өсімдік шаруашылығы өнімдерін өсірудің қарқынды технологияларын енгізу.

Болжамды бағалаудың дәлдігін арттыру мақсатында мақта талшығының жалпы түсімін есептеу мақта талшығының әрбір иесі бойынша (кейіннен жинақтай отырып) бөлек жүргізілуі мүмкін.

Көрсеткіштің атауы	жыл (есеп)	жыл (ағымдағы)	жыл (болжам)	жыл (болжам)
